

БАЙТУОВ ЖӘКЕН

САРЖАН-БОДЫҚ
(سارجان بودقىق)





БАЙТУОВ ЖӘКЕН

**Саржан – Бодық
(Жарыс макеті)**

Қараганды 2014

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз) 7-5
Б 17

Б17 «Саржан – Бодық» Байтуов.Ж. Өлеңдер жинағы./
құраст. Жаксылық Жәкенов-Қарағанды: Tengri ltd, - 1196.

ISBN 978-601-7449-53-7

Бұл жинаққа аты Арқа өніріне мәлім ақынның жас кезінен өлең - жырларға құмар болған, жаз - жайлауга, қыс - қыстауға көшіп, мал бағып тіршілік кешкен қазақ халқының халық ауыз әдебиеттерін, оның ішінде дүниенің құбылмалы, аумалы – төкпелі кезеңдегі қазақ халқының бастаң кешкен «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» тарихи кезеңдерінен, Октябрь революциясынан кейін, Октябрь нұрымен нұрланған қарапайым халқының кол жеткізген табыстарын, майдан да-ласында қас дүшпаниның қабырғасын қаусата соққы беріп жүрген, Ел корғаны жауынгерлердің ерліктерін, шабыт-тана жырлап жырына косқан. Алғашқы «колхоздастыру», «енбек қауымдасу» жылдарына арналған өлеңдері мен екпінді жалқаулар туралы сиңи айтыстары, патриоттық жырлар мен поэмалары топтастырылған.

Жинақ көпшілік қауымға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз) 7-5

ISBN 978-601-7449-53-7

© Жакенов Ж., 2014



ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

Сарыарка жері ежелден халық таланттарына бай өлкес. Бұл жерде жұртшылықты аузына қаратқан жалынды жырлардың, аталы накыл сөздердің, шертпе – тәкпе күйлердің небір тарландары өткен өлкес. Кезінде өз заманының ащысы мен тұщысын жырлаған, сонысымен халық ауыз әдебиетінің ұлттық байлығына өзіндік үлес қосқан ақынның бірі - Жәкен Байтуов (1891 – 1962) Қарағанды облысы, Шег ауданына қарасты «Шаруатенеу», - деген жерде дүниеге келіп, «Тайлы» ауылынан 18 – шақырым жердегі Жаңа – Жұрт болімшесінде өмірден отті. Екі ағайынды жігіт, Байту, Битудан тараған атамыздың үрпақ – тары бар. Алты ағайындының ішіндегі ең үлкен апалары - Бәтиха, Жәкен, Әлмұхан (Май, Балсекер, Нұрсекер, Кәріғұл – Ұлы Отан соғысының II- ші дәрежелі Даңқ, Қызыл жүлдіз орденінін иегері (1914-1994).

Бәйбішесі Дәмебайқызы Әмірайша (1902 – 1987 жж.). Анасы – Дәмебайқызы Бибіғайша. Балалары - Дәметер, Дәмеш, Гүлнэр және мен. Ақынның келіні - Қайырбекова Әлия. Ақынның немересі Мақсат, Арманнан - Нұрдуман, Нұрмерей, Нұрсұлтан.

Әкесі Байту Байғонұлы (1864 – 1927 қарапайым мал шаруашылығымен айналысқан, еңбеккор адам болған. Жас кезінен олең – жырларға әуес болған ақын, жазда жайлайға, қыста қыстауға көшіп, мал бағып тіршілік кешкен, қазак халқының халық ауыз әдебиеттерін, соның ішінде дүниенің аумалы кезеңдерді жырлаған киссаларды, эпостық, лиро – эпостық жырлар мен қисса - термелерді жатқа айттып, жадына көп сактаған.

Анасы Тоқабайқызы Жікі (1868 – 1921) ескіше оқып хат таныған, жадынан өлең шығарып аймағына әнші аганған екен. Содан болар, өлеңдер шығарып ақындық жолына тусуіне,

нагашы жұртының да ықпалы тисс керек. Қарқаралы қаласында арабша дәріс алып, сауатын ашқан ақынның көзінде «Коянды» жәрмеңкесінде талай жыр санлақтарымен көздескен ақынның - қасиетті Қарқаралы мен Шет өніріне өзінің озекжарды жадынан шығарған шығармаларын арнамауы мүмкін емес.

Ұлы Отан соғысы жылдарында, одан кейінгі жылдары Сарыарқа жеріне әйгілі ақындар:

Кенішбай Жұбандықов, Маясар Жанақов, Болман Қожабайұлы,

Кошен Елеуов, Жылқыбай Нұрбеков, Тұңғышбек Дәлмағанбетов секілді белгілі ақындармен айтысын, патриоттық жырлар жазды.

Қазак елінің Тәуелсіздігі үшін күрескен, Ресей империясының «оттарлауына» қарсы шықкан қаңарман ғалыптар, осы Ұлы айқастар көзінде даналық саясат жүргізін, елдің басын біріктіре білген, Ұлттық наимысқа дақ түсірмей, туған жерге қорған болған Кенесары заманында өмір сүрген Бодық батыр жөнінде ақынның өз қолымен араб қарпімен жазылған, «қолжазбасынан» бір сөзін де өзгертпей, «Ерлік иш Елдікті» бірге жырлаған «Саржан – Бодық» поэма-дастанын арабшадан аударып, оқырман қауымға ұсынып отырмын.

Жинақты құрастыруышы: Жәкенов Жақсылық «ұстаз -зейнеткер.




Өмірі туралы

Руым Қояншытаңай арғы затым.
Байтуов Жәкен ақын, менің атым,
Кетпеді қамыт табы мойынынан
Байлардың жастан коріп қианатын.

Автор

Басынан мал бітпеген болдым пашар,
Бола ма мал болмаса ер де ажар.
Тұрмысың малыңменен бірдей келсе,
Емес пе, оттың басы күнде базар.

Тұрмысың малыңменен бірдей келсе,
Болмай ма, жас өмірің күнде базар,
Кей пенде бес қырықпен байыдым, - деп
Құлаштап екі қолын кезек созар.



Шыр бітпей жас кезімде болдым арық,
Көрмедин сүм дәуірден ешбір жарық,
Үйіне байдың шолден бара қалсан,
Ыскырап сұр жыландай ызбарланып.



Жасымда бір тұспеді, ұлы жолым,
Жоқ еді кедейліктен басқа мінім,
Шырмалың сұм дәуірдің құрсауына,
Тұншығын қара тұнге, шықпады үнім.

Ұйықтамай қой күзетіп, ұзақ танға,
Шәркең толып, аяқтан аққан қанға,
Бір тоқтысын жазым бол, қасқыр жесе,
Текпілеиді аунатын тозаң шаңға.

Жалаң аяқ су кешіп, тезек теріп,
Шошығандай тұсінген ерте тұрып,
Екі көзге ал келіп амал бар ма?
Аулак жерде жылайсың иттей ұлыни.

Ақырыш ак аюдай, арам байлар,
Болар, - деп ойлаған жоқ нашарға обал,
Асқанға бір тосқын бар, - деген дейін,
Уақытсыз оларға да, кездесті ажал.

Қындық дәуір отті, өткен күнде,
Ол дәуір коп кездесті, жалпақ елге,
Токымдай нашарларға қоңсы тимей,
Қамады тұншиқтырын қара тұнге.

Осы жағыдай кездесті өз басыма,
Жауыздардың адамға, жаны аши ма?
Тарыққаңда зарығып Шолпан туып,
Ұлы Октябрь кездесті, көз жасыма.

Осындай ерте кезде, өтті дәуір,
Жазылмас жара тұсіп, болдым жауыр,



Арманда өтіп кетті, жас өмірім,
Байланды мылқау болып шешен тілім.

Байлардың шыға алмадым қанауынан,
Ішімде кетті ашылмай, алтын жырым,
70 - ке жасым келді, жер таяндым,
Өмірді өткериң - ап, кеш ояндым.

Колемге көлеңкесін ие қылып,
Сөйлетпей кісен салды, қызыл тілге,
Алатынын алатын қара құстай,
Алутға шабатындей жалпақ елге.

Өткен күн еске түссе толқытады,
Шошимын жас баладай көз ілінсе,
«Сары алтын - сабыр түбі» дегендейін,
Тілекті берер, - деген шын тілесе.

Білімнен нашарлықпен қалдым кеш ел,
Тұрмыстан соққы көріп, түрдым мешел,
Шыға алмай «сұм дәуірдің» құрсауынан,
Жүректе жазылмайтын қалды кесел.

Тұн кетіп бұл дәуірде шықты күнім,
Ашылды бұғып жатқан ішкі сырым,
Пішпедей тепкі тиген бүгежектеп,
Кемшілік келтіріп тұр, шіркін білім!

Сарқылмас ақын сөзі, дария көл,
Сөйлесе жөнін тауып, пайдасы мол,
Тілге бай болғанменен, әнге жоқпын,
Осымен туысқандар, риза бол!



Еңбек туралы

Еңбек стссе ерінбей
Әйел жолдас, кемпір- шал,
Еңбек етсең белгілі,
Болатыны жақсы хал.
Адал еңбек істесен.
Өссесіндер жолдастар.
Өсіргендей сінді.
Шауып - тасын, үйіп ал.
Суға - сөлге тигізбей,
Мезгілінде басып ал,
Дәнін алып, саломып,
Баз басына, үйіш ал,
Шашпай - төкпей, ұрлатпай,
Сарайына құйып ал,
Кім істесе, сол жейді,
Бұл жағын да, есінде ал,
Тапсырмасын Косемнің,
Мыйларына құйып ал,
Жоспарыңды, берешек,
Елден бұрын беріп қал,
Мақтау - сыйлық атакты,
Бітір дағы бұрын ал,
Ремонттап мал базын,
Мұңцызың стіл азығын,
Мерекеге алдағы,
Колхозшылар дайындал!

1937- жыл

Егін жинау туралы

Мінеки, қатар келді егін мен шөп,
Бидайың түсіп жатыр, шабылған жоқ,
Мәтке сұлап, іргесі құлап жатыр,
Әлі күнге, баздар да ремонт жоқ.

Әні қалды – міні қалды, бар мен де, - деп,
Бірін – бірі аңдуменен, жүргендер көп,
Қаңарлы қыс, қарамас ажарына,
Баз басына бір тал шөп, тасылған жоқ,
Әйтеуір, бір бітер – деп жүре беріп,
Жүрмендер, Үкіметке кінәлі боп!

Қатарлас көрмей жүрсе сағынады,
Көмейден олең шіркін ағылады!
Жол көріп, атым шығып, бәйгі алдым,
Ағанды жетелесең, ие қылады:

Шопан Түсіп

Шопаны «Ұйымшылдың « батыр Түсіп,
Қой баққан бірнеше жыл, ұйқы бұзып,
Өсіріп баққан малын өркендетіп,
Табыстың дариясына, отыр Түсіп.

Төрт бөліп түн ұйқысын, мал деген де,
Тұрады таңың шеті көрінген де,
Ал десе, аттанғандай жарактанип
Жүреді шыр айналып, кой өргенше.

Ән салып, неше алуан қоңырлатып,
Қантатып кең оріске мамырлатып,
Дегендей, нем Түсіп жаңуарлар,
Манырап тұс - тұсынан жаңырласып.

Сақтайды қарашықтай бақсан малын,
Жоқтайды түстеп тағы, біліп санын,
Сиырдай ірі қойы, биік бойы,
Жегізіп алуан мия, шөйтің дәнін.

Қасқырға берген емес, жетім лақ,
Күтеді туған төлді тәрбиелеп,
Көрінсе колеңкесі, Түсіш ердің,
Жолбарыс, борі түгіл, қашкан жырак.

Еңбегін ер Түсіптің айтсам терін,
Кетеді бойым балкын, ленем ерін,
Көз жетпес, ол шеті мен бұл шегіне,
Өсірген бірнеше мын, осы күнде,

Ак сарбас, актылы кой, жер қайысын,
Құйрығын көтере алмай, белі майысын
Марал бас, ай мүйізді қошқар – теке,
Алысқан палуандай, жұр сайысын.

Манырап қой ішінде, қозы – лақ,
Көкте құйын соққандай, салсын құлак,
Кен дала, сай – саланы күнірентіп,
Кеткендей жер дірілден, аспан құлан.

Жаяулап «Ұйымшылға» жетті кеше,
Мың – мың- мыңнан қойы өрген күні кеше,

Айдын кол, асқар биік, жазық даға,
Иесі осы қойдың Тұсіп десе,

Қоғамға ер Тұсіптің сінген тері,
«Аяқшөп», «Тұраңғылық» - туған жері,
Ержетін көзін ашып, ес білген соң,
Қой бағып, келе жатыр сонан бері.

Мал десе, елжіреген ет жүргегі,
Дәүірдің Сталиндік туған ері,
Шай – шайлап, ұйықтаң жатып күргөйлейді,
Мал менен туғандай бір, бар міnezі.

Басқа да Тұсіп ердің, еңбекі көп,
Бір тоқты, жаз- қысы шығыны жок,
Артады күш- қайраттың арқасында,
Еңбекі ердің таза, көрінді көп.

«Ер емес, еңбек десе «», ердің өзі,
Қырағы қыран құстай, екі көзі,
Ер емес «Еңбек десе», лодырдың өзі,
Көсемге берген сертті орындау да,
Жұз қойдан, жұз жиырма алды қозы.
Колхозы ер Тұсіпке, айтады алғыс
Қазір де табысы көп, емес жалғыз,
Тұсіптен шопан – қойшы, ұлғі алындар,
«Колхоздың» санасты бар, ұл мен қызы!

Тұған өлкө туралы толғау

Қарағанды қара алтын,
Жырдың арда еркесі,
Көлбеп жатқан косілін,
Кокс көмір олкесі,
Колеміне көз жеттес,
Кала толған аймағы,
Думан- дархан, дүниес- ай!
Өшінес өмір айғағы,
Бай қолында пайдасы,
Қарағанды кешегі,
Орда тігін ойнаған,
Жауыздардың түнегі,
Колеңкесін ие ғын,
Коздеген максат тілегі,
Суын ішіп, шөбін жең,
Кормеді сұмдар пайдасын,
Ат жарагып, қол жинап,
Белдеуге сүйен наизасын,
Жатқан жерде тұншығып,
Күдер үзін өмірден,
Қадірін білер, ері жоқ.
Сұм дәуірде шөлдеген,
Гасырлар бойы қамалып,
Жатқан бұғып, иесіз кен,
Қара күнде қайғылы,
Мұнды – шерлі, жесір кен.
Қолына құс қыш, кондырған,
Армандаій бір айғағы,
Коммунистік Партия,
Батыр елдің айбары,

Көз жіберсең, кең өлке,
Қазынасын салырған,
Еңбектің соғын дабылын,
Күндік жерден шақырган!
Солқылдатып жер астын,
Машиналар дұңқілден,
Болат кеспес, көк тасты,
Нандай тіліп, үккілеп,
Жер анасын емірсітіп
Кең бесігін тербесткен,
Тілін біліп солардың,
Қайқая құлаш сермеген,
Мен жырлаймын, үн қосып,
Тұған өлке, Елменен!
Бара жатыр жүйіткіп,
Дүбірлетіп Арқаны,
«Алатауды» артсан да,
Күші жетіп тартады,
Мотор қызың, тер басқан,
Күнде айлық, белді асқан,
Көр әнеки, жұлдыздай!
Омырауын желге ашқан,
Күй тартылып, ән салған,
Үнін қосқан, нұлы орман.
Мұндай қызық заманды,
Көрген елде, жоқ арман!
Еңбектің көлін толқытып,
Арттыра асқақ айбынын,
Қара жерден қазып – ап,
Аспанның бейне, ай күнін,
Бейбіт рахат өмірде,
Құшағын еркін жайды кім?

Ол патша емес, бай емес,
Тегін дәүлест сапырар,
Қараганды құдірет,
Сенен туган батырлар!

Егін –шөп шабу туралы

Сыналар Еңбек етер кезі келді,
Кәрі – жас, ер – әйелдер боп жөнелді,
Жинаи – ап егін – шөпті мезгілінде,
Табысмен құттықтайық, осы жылды.

Жетерлік мал азығын, үйіндер кон,
Ағармай уақытында, үйілсін кок,
Тигізбей суға- солте, үйіп жинаи,
Тұрайық қысқа қарсы, келсен- кел дең.

Қысылмай қыстан шығу, бір үлкен бел,
Жетерлік мал азығы, үйілсе мол,
Ұтылмай откізіндер, колхоз- совхоз,
Қажырлы қайрат істеп, бермендер жол.

Жолына Коммунизм қадам бастық,
Не қын құз- шындарды, бұзып астық,
Жолбасшы Көсемдердің дәүірінде,
Күшайді Елі мізде, бірлік - достық!

Шықпасын ойларыңнан, берілген серт,
Бітпей қап жұмысымыз, болмайық мерт,

Көрсөткен міндеттеме, Қаулы дағы,
Колхозшы, орындаңдар жұз процент!

Колхозшы шығармандар, мұны естен,
Көрінсін еткен Еңбек, күш пен істен,
Дос емес, өрт пен қыс қашаннан да,
Жері жоқ Елге – малға, рахым еткен.

Мал азығын дайындау,
Бір дәуір міндет халыққа,
Шығатын жыл биылғы,
Істелген іс жарыққа.

Ерте ремонттап, мал базын,
Тазартып ашып суатын,
Бригадир – басшылар,
Жылы жасап корасын.

Жалған бермей мәлімет,
Іс жүзінде, анық ет,
Отірікке өмір жок,
Жол бермейді өкімет ?

Аттаныңдар жұмысқа,
Палуанша белсеніп,
Күн ерте –деп жүрмейік,
Мас кісідей теңселіп.

Досың күліп сүйінсін,
Дұштан көріп күйінсін,
Қарға соқпай, шапқан шөп,
Баз басына үйілсін.

Осы жағдай белгілі,
Тарихтағы халыққа,
Жатып ішер жалқауға,
Жол бермейтіні анық на?

Мұны білсең еңбек ет,
Әйел жолдас, кемпір- шал,
Еңбек етсең ерінбей,
Түзеледі тұрмыс- хал,
Төгіп- паштай ұрлатнай,
Складка құйып ал,
Дәнін алып, саломын,
Баз басына, үйіп ал,
Үкіметтің Қаулысын,
Колхозшылар, есіне ал!

Жиылыш болса бастықтар,
Тілді безеп жырлайды,
Орындалған жұмыс жоқ,
Өрнектен сөзді сырлайды,

Шыққан сөзден, негіз жоқ,
Істелген істе, жеміс жоқ,
Өтірікті өрнектеп,
Дайын тұр бәрі, тегіс деп,
Өзінің басын қорғайды.

Конторға бәрі жиналышп,
Басын қосып құралышп,
Өнімсіз сөзді, сынға алышп,
Енбексіз жүрген біреулер,
Пайдағып жүр, нәр алышп

Партияның сенімін,
Колхоз басшылары актай ма?
Ақтамаса сенімді,
Казіргідей мактай ма?
Қыс аяғы созылса,
Бір боранға, соқпай ма?

1955 - жыл.

Жас туралы

5-жаста балалықпен бұлғақтайсын,
10-жаста жарға аунаған лақтайсын,
Келгенде 15-жасқа орныға алмай,
Түлкідей тауда жорткан бұландаісін

Келгенде 20-жасқа ақыл кіріп,
Көрінген қыз- келіншекке ыржақтайсын,
30-да асаяу-дүлей дауылдайсын,
Тастай бол, үгітілмейтін асылдайсын

40-та қия шалқан қылыштайсын,
Ұшындаі ақ наизаның жылтылдайсын,
50-де Ерлер мінген пырақтайсын,
Жайнаған екі көзің шырақтайсын.

60-та ат семірткен құрақтайсын,
Ағыны жоқ, көзі біткен бұлақтайсын,
70-те жетең болсан, бір жасарсын,
Болмаса әр нәрседен жырақтайсын.

80-де секіруге әлің келмей,

Ботадай шала түған бұраңдайсың,
Тобықтай 90- жаста етің қалмай,
От басында домалаған құмандағайсың,
Жеткенише сонау 100 –ге, кім бар-кім жоқ?
Шыбын жан, кайда барын тұрақтайсың.

Мал базы мен шөп шабу

Еріншек пен мылжынға,
Жол бермейді, бұл дәуір,
Мыйыңа сал, кең ойла,
Көзіргі дәуір, тым ауыр.
Сыйлық алып сыналсақ,
Кірмейміз бе қатарға?
Атың қалып тарихта,
Ісің шықса жарияға,
Журналдарға жазылыш,
Үлгі болсан халыққа,
Жазған сөзі а қынның,
Жалғаны жоқ бірақ та,
Оқып жүрміз «Қаулыны»,
Күнделікті қолға алыш,
Тексергенде енбекті,
Ноль кылмайық ұялыш,
Үлкен аға кішіні,
Ата – ана мен қарындас,
Қол шығарып, бір женнен,
Бір кісідей өмір сүр,
Шөпті шауыш, етінді,
Жиысалық бірігіп,
Босқа отырған, жөн болмас!



«Ударник Байжан Шалтаев пен жалқау Айылхан Тұрсынбаевтің» айтысы.

Байжан:

Тұрсынбай жыртқан жерің, неге өнбейді?
Борозда соқан түзу, бір жүрмейді,
Бермейсің елдін артын, ұзак күнге,
Колігің болдыра ма, бір жүрмейді.

Үкімет мұндай іске, жол бермейді,
Еңбексіз бұл дәуірде, күн көрмейді,
Жалқаулықты бойыңа үйір кылсаны,
Мойныңа мініш алса, бір түспейді.

Тұрсынбай:

Айдай бер, колігінді өзің жөндел,
Жалынбаймын мен саған, көмек бер деп,
Қалай жүрсем, ей, Байжан, ерік өзімде,
Болмай-ақ қой белсенді, маған сен кеп.

Қинамаймын жанымды, текке шөлдеп,
Қысыламын мен неге, босқа терлеп,
Істемесем де еңбекті, күн көремін,
Жүргенім жоқ қызығып, Еңбек күн деп.

Байжан:

Тұрсынбай, мына сөзің дұрыс емес.
Тамақ –киім, Еңбексіз, көктен түснес,
Үкіметтің қаулысы, ұраны бар,
Істемеген Еңбекті, ішіп – жеген



Жалқауды сүймейді, біздің заман,
Айтқап сөзім ақыл ғой, білсек саған,
Керегі жоқ санның, сапа керек,
Жыртқан жерің құр бороз, бәрі табан.

Тұрсынбай:

Бола қалдың ақылды, мені жөндес,
Облыстық уәкілдей, маған тіпті,
Жиылды болса талқыға, түснеуші мен, ,
Сатып алғып ақшаға тәбелесті

Үкіметке ауыр деп, көрсете бер,
Жаман-жақсы не керек, қарайсын жер,
Табысым мен еңбеккүн, жан сақтаймын,
Нан сұрасам сенен мен, бетке түкір.

Байжан:

Саяз айдал шыға ма, сенкен бидай,
Дән орнына шықпай ма, сарбас қурай,
Сенкен дәнді, топырақ жаба алмаса,
Менінше қара сұыққа ұрынбай ма ?

Ерте тұрмай жатасың, үйқын қанбай,
Керіссің бастықпен, үйқын қанбай,
Қолмен істеп, күшпенен мал табасың,
Жат ендеши берер, - деп, көктен «құдай»

Тұрсынбай:

Тұрғандай шашын сипап, маған келіп,
Беретіндей бидайды, бүгін келіп,
Кімнің көзі жетеді, күні ертенге,
Келгендей- ақ «құдайдан» хабар келіп.

Сенде емес қой бишара, өзімде ерік,
Талай жалқау бар шыгар, маған серік,
Жан сақтаймын, өлмейтін күн көремін,
Тауықтай бол аңыздан, масақ теріп.

Байжан:

Айтып сөз, ұрып таяқ, өтпес саған,
Бар емес пе антүрған, бала- шагаң,
Көпке тентек, жексүрүн боласың гой,
Отбасың да әйелге болмас бағаң.

Бүтін салсақ аз күнде, жиямыз егін,
Жақсы жайлап өндірсек, жердің көгін,
Еңбеккүші бидайды, біз алған да,
Сен де аларсың, көрерміз ертеңгі күнү

Тұрсынбай:

Бола қалдың ба жаным- ау, маған көсем,
Тұла бойым шымырлар, жұмыс десем,
Бұзауын жеп, жылында сиырымның
Шөлдемеймін жаз болса, сүтін ішіп.
Жолым ашық, бетіммен қайда жұрсем,
Шайым даяр ерте-кеш, үйге келсем,
Қажып-шаршап, сен құсан жүре алмаймын,
Бар егіннің өнімін, жинап берсөң.

Байжан:

Сөйлеп тұрсың қалшылдан, әлің кетіп,
Қыын емес кетуің, елден безіп,
Сен секілді жастарға ылайық па?
Ұзақ күнге айдайсың 30- сотық

Халқымызды «Еңбекке» бетті түзен,
Өрлегуге байлыкты, бетті бұрдық,
Билеймін, - деп жер- жүзін, илан құрған?
Немістің десантты тұр, көпті құртқан.

Тұрсынбай:

Артық- кемді жүрмеймін, бір қалыштан,
Жөні осы –деп не керек құр қорқытқан,
Ерінесем жатамын мен, үйге барып,
Бұдан да ауыр жұмыс, сан жолыққан.

Көп тақал ма, Байжан- ау, енді маған!
Жетті созің жүре бер, кетер баған,
Еркіммен жүргізетін, дәу қарамыш,
Сұрасаң жүргіз бар да, әні соқаң,

Байжан:

Ақыл айтсам акымак, көресің жек,
Сірессесін кісідей, сиырың көп,
Кейде киім жоқ, киінетін таба алмай,
Бір сиырдың бұзауын, жылына жеп.

Шал емессің жассын ғой, болма «ташша»
Жүреді ғой айласа, жөнге мал да,
Жұмыс істеп күн тауып, Еңбек қылсан,
Олжа болар бұзауың, жанга қалса.

Аттанды жастар майданға

Майданда жүр, түгел жас буырқана,
Түтеген қарсы шауып, атқан оққа,
«Құрбан боп, Отан үшін, намыс үшін»
Аттанды жалпы жастар, бұл соғыска.

Жамылдың бұлттан көрпе, мұздан тосек,
Шыдап жүр нелер ауыр, қыныңдыққа.
Көп болып «Бөрі текті», жауды жеңбек,
Сіздерден «Колхозшылар» болса көмек
Мол болса азық- түлік, жылы киім,
Қайратқа – қайрат қосып, өсім бермек.

Шығарып жер жағаннан, жауды қуып,
Босатып байтақ дала, ағын суды,
Бақытты Елімізді корғауына
Қажырлы қаъармандар, тура туды.

Еліміз осы күнде, қандай халда,
Ардақты қымбат-бауыр, жүр майданда,
Тамырың 62- і сырқырайды,
Елжірен ет- жүргегің осылғанда.

Ерінбей еңбек істе, өсем десең,
Іздеген мақсатыма жетем десең,
Тез жойып жаудың түбін, сәтті болып,
Сағынған бауырларды, көрем десең.

1943- жыл

Бұл күнде біреу жылап, біреу құлді,
Ел-жұртың сағындырыған, аман келді,
«Олді»деген адамдар, «тірі» болып,
«Тірі» деген адамның, талайы олді.

Жолдастар! «Дұрыс емес, құдер ұзбек»
Басқыншы жау, қапылыста қалды кез боли,
«Ісі ақтың құдайға» жағар, - деген сөзі бар,
Жояйық «сұмырайдын», козін тез, -леп

Дүшпанға «Қаңармандар» берді соққы,
Құрбан бол «Отан үшін, жапын қиды»
Атакты Рұстемдей, талай батыр,
Дүшпанның түбін бұзып «Туын» жықты.

Бір міндет «Жауды жену, ардақты Елім»
Босады «байтақ дала» талай жерін,
Жолында Отан қорғау, құрбан болып,
Майданда жүрген жоқ па, бауырларын.
Майданға олар қандай, еңбек етсе,
Сіздер де «тылда» еңбекпен, көзге көрін,

Казірле білгендерге, жағдай ауыр,
Ардакты Майданда жүр, қымбат бауыр,
Жаман пышақ құлақ кессе, киіз кеспес,
Дегендей жүргендер көп, болып жауыр,
Адамда «намыс» болмай, табыс болмас,
Шыдамды болу керек, халық сабыр.

Көк егіске арнау Бірінші өлең

Жолдастар! Құтты болсын, еткен еңбек,
Берілсе жалпы еңбекке, Ел гүлденбек,
Сарай толып бидайың, мол боп тұрса,
Дұшпан күйініп, ісің де сан гүлдемек.

Өркендең – ілгерілсі, бастық алға,
Біңғайы ісіміздің, айналды оңға,
Тамағы тоқ, киімі бүтін болса,
Еңбек істер конілді кемпір – шалда,

Босатпай мықты ұстандар табысынды,
Қарқындал жылдан- жылға шабысынды,
Күшейтіп еңбек-ұйым бірлігінді,
Дұшпанға жібермендер намысынды.

Жететін жыл Еліміз зор женіске,
Аударындар назарды «Көк егіске»
Нан жерлік қып, сапалы егін салып,
Белишемізден батайық, мол өнімге.

Түспеніздер Жолдастар! Теріс жолға.
Орындалсын күнделік, берген норма,
«Стаханов» ударник, атак алып,
Орден тағып шығындар бұқараға!

Колхозшы жек көлікті, тік соқаны,
Егінді нан жерлік, сал сапалы,
Жерінді терең айдал, сал деп жайлап,
«Қаулы» бар, күнделікті бұл туралы.

Кіреді егін шықса, Ел ажары,
Еңбектің қызатын кез, «ду» базары,
Тұқымды сирек сеншей, жиі сеуіп,
Қалмасын онбей жерде, жалғыз дәні.

Көлікті ерте жегіп, бітір жұмыс,
Ерте айдан, кепп догарса корінер іс,
Оттатып жақсы жайып, күтім болса,
Азбайды – арымайды, жегілген күш.

Мойнынан жауыр қылыш кетірмесе,
Орынсыз көрінгенге міндірмесе,
Планын күнделікті орындаиды,
Орнына бір есениң, екі десе.

Алайық жылдағыдан, екі ссе онім,
Алайық «біз», мол өнімнен бірінші орын,
Мұшелер бер еңбекті, бұған алып,
Сақтасақ тұқым менен, сақтық қорын.

Еңбектен Отан сүйер, шықса жеміс,
Ырғалып бітік болып, тұрса Егіс,
Койың қозданап, тайлағың боталайды,
Кәрі мен жас ұйымдас, күшінді қос,
Еңбек етпей себепсіз, бос журулі,
Үкімет мұндай ер мен, болмайды дос?

Екінші өлең

Сыналар Ер еңбегі, егіс келсе,
Лайналып бейбіт күнге, бірге енсе,
Құрытып «жаяу» тұбірін тамырымен,
Мал осіп, Елімізде жер гүлденсе,

Сапалы ойдағыдай, егін салып,
Байлыққа жететүғын кезі келді,
Орындал «Көк егісті» мезгілінде,
Табыспен құттықтайық, келер жылда!

Мол онім аларлық қып, жырг жерінді,
Еңбекке ер-әйелдер, бу белінді,
Белсенеп палуандар, түр женінді,
Селдетіп көлдей толқыт, еңбегінді,
Салындар бойда қуат, жігерінді.

Айдандар жерді терең, жейтін ғып нан,
Қалмасын өнбей жерде, бір жалғыз дән,
Сапасыз саяз айдал, өнбей қалса,
Ешқандай ол еңбектен, болмайды мән.

Бауырдай жерді сока, жүрсे тіліп,
Жегіліп мезгілінде, кетсе көлік,
Көлікті ерте жегіп, кеш доғарса,
Жұмыс та сонда ғана, болады мән,

Жарыска түсіп жатса звенолар,
Сын жүрсे күнделікті мін түзелер,
Жақсы іс істеген, жаманға сабақ болар,
Біреуді- біреу көріп, үлгі берер.

Ісімізде болмайды, сонда кемдік,
Күшті болса тәртіпшіен, ауыз бірлік,
«Бірлік болмай, тірлік жок», - деген мақал,
Арқасында бірлікгің, жауды жендік.

Салсақ жайлап жақсы айдал, шығады егін,
Шаштай тараң жұлдырысақ, арам шобін,
Он центнер, гектардан өнім алыш,
Еңбек иұлын, Күздігүні жесек тегін!

1945 - жыл

Кемектесейік Майданға

Жарыстың Социалдық қызған кезі,
Құрылды жана өмірдің, сәнді тезі,
Дұшпанның Туын жығың, түбін бұзып,
Шаттыққа жалпы Еліміз, кірген кезі.

Тегінде ақыр Жеңіс біздегі деп,
Дәл келді Данышпанның болжаку сөзі,
Әрі айттыс, әрі жарыс, міне көрме,
Отырмыз Жеңістіктің біз төрінде.

Дұшпанды доптай қағып, шөптей шауып,
Қырланып Қызыл әскер, шықты белге,
Тұн болып, жарық құні, айқай жиын,
Өмірден қош айттысып, мұндай іске,
Согайық сом темірді, қызған кездे,
Женістің сәті болды, осы кезде,
Адымда алға қарай, ардақты Елім,

Жыландаі ұрын жаудың, үздік белін,
Босаттық байтақ Елдің, байтақ жерін,
Жақындан ең қызығы, «сын» сағатта,
Бермекпіз фашистерге, ақтық олім.

Ет беріп, астық беріп, жәрдем беріп,
Қолдайық бар қүшиенен Майдан Ерін!
Еселеп құн-құн сайын, жатсын асып,
Аянбай төк, қимылдан маңдай терін.

1945- жыл

«Ударник Мұса мен жалқау Бейсенбайдың» айтысы:

Мұса:

Ау, Бейсенбай, Бейсенбай,
Неге шықпайсын жұмысқа,
Осы ісің дұрыс па ?
Жалқау – лодыр, - деп аталмай,
Түспеймісің жарысқа.

Бейсенбай:

Шықпаймын мен жұмысқа,
Айтқанмын мен бастыққа,
Шыдаймын мен аштыққа,
Менің сөзім тым қысқа,

Мұса:

Дұрыс па мұның?

Олмей ме күнің?
Достық айтса, қас көрнсің,
Бар гой деймін жының.

Бейсенбай:

Жатайын мен де,
Мен үшін күйме,
Мінетін бір тайым бар,
Сауатын сиырым бар,
Паналайтын үйім бар,
Киімім бар Бакайды,
Барсам менің еркім бар.

Mұса:

Бұл бекерің теріс,
Болмайды дұрыс,
Енбек етпей, ер болмайды,
Жоң болмайды, босқа жүріс,
Бағын соган, бастығың ғой,
Бригадиріңмен келіс.

Бейсенбай:

Келіп кетті бригадирім,
Жұмсады тілін алмадым,
Үгіттейтін ол кім, - деп?
Мен де оған болмадым,
Енді келмес, бетімді көрмес,
Өзін де, жақсы сыйладым.

Mұса:

Бастықтың тілін алмайсың,
Жұмысқа неге шықпайсың?

Мұнымен жүріп, сен қалай?
Жаңыңды қалай сактайсын?

Бейсенбай:

Өзімдікі жөн – деп,
Таппаймын көп,
Жұмыссыз да, жаң сактаймын,
Табысыңдан бермесең сен?

Mұса:

Боласың «лодыр», жұқпалы котыр,
Үкімет пен Партия үйретеді,
Он күн болды, сотық жер жоқ,
Осы қылмыс, өзіне жетер.

Бейсенбай:

Мен – ақ болайын лауриат,
Бастық болып кңесте,
Сен – ақ отыр болмаса,
Үнінді өшір ендеше.

Mұса:

Еңбексіз адам өспейді,
Бос жүруді бұл дәүір көтермейді,
Үкіметтің қаулысы бар, Ұраны бар,
Жалқауларды бетімен жібермейді.

Бейсенбай:

Еңбексіз бос жүруді, жөн демейді,
Жатып ішер жалқауға, жол бермейді,
Жүре аялдаң тоқтайды, бері қарай,
Үкіметтің жолынаң аса алмайды.

Мұса:

Қателігіңді жоясың,
Бос жүруді қоясың,
Жүрг сүйесінер, Еңбек істеп,
Еңбеккүнді сүйесің

Бейсенбай:

Жұмысқа шықпайын десем,
Еңбеккүн табайын десем,
Еріншектік ерттеп мініп,
Еркімс мені жібермейді,

Мұса:

Еріншек ерік бере ме?
Қызмет істеп еніс корін,
Мен де сендей, жалқау болдым,
Жұмыскердің алды болдым

Бейсенбай:

Жұмысқа мен шығайын,
Ертерек мен тұрайын,
Еңбек істеп ерінбей,
Мен де, «ударник» болайын.

Мұса:

Бұл бетің жөн,
Өсесің сен,
Еңбек істеп,
Бастығынды жең, Бейсенбай!

Бейсенбай:

Ертерек мен тұрайын,

Бригадирден жұмыс сұрайын,
Жарыска түсіп, өренден өсіп,
Жұмыскерден озайын,
Катын-қатын тамақ істе,
Тұрайын мен ерте,
Ақымақ екем: «Маган ақыл берді»
Мұса жолдас, ыптын бірге.

Mұса:

Бейсенбай жұмыска шықты,
Мұсаның сөзін ұқты,
Үкіметтің Қаулысын, қабыл етіп,
«Стаханов» болуга, талап етті.

Бейсенбай:

«Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен,
Қайттым, - деді бұрынғы, мен де беттен»
Еңбек істеп жояйын, бар күнімді,
Колын алды «уәде», қатты сертпен.

«Кешір» - деп Тұрсынбай да, қолын ұстап,
Өткен істі бойынан, сілкіп тастап,
Жалқаулықты бойынан, талқан қылым,
Жүріп кетті соқаны, ырғап – қозғап.

«Егіндібұлақ» колхозында (Көктем айы келгенде)

Жотеліп жеті оғіз жүр, бірін – бірі,
Үстінде бір тал жүн жоқ, тақыр тері,
Он тайыниша бағымда жүр, тагы кейін,
Селкілден жызы жерді, жаны сүйіп.

Айдаса баздан шықпай, басы айналыш,
Шыға алмай, бүгжен қағып, баздың қынын
басын

Сұрасан: «Мынау не, - дең бақташыдан.
Әлмейді жаз шыққан соң, болса күтін.

Қалды. - дейді: «Биылғы жыл, алты мая»
Шөп жеген алты ай қысқа, қарны тоя,
Шәбі көк, сұы қанық, асты жайлы,
«Еңбегім» бұларға еткен, кетті зая.

Тұрады түс болғаниша, қораны ықтап,
Дірілдеп шөп жей алмай, жерден оттап,
Соқаға жекпек түгіл өтіздерді,
Калуы екі талай, жанын сактап.

Көліксіз журмек емес, кара темір,
Бұл егіс жылдағыдай, емес женіл,
Күтімге өгіз жағын, тез алмаса,
«Басқарма», көмектесіп, шыққан «өкіл»

1950 – жыл

**«Екпінді» колхозы мен «Жалшы»
колхозының Зав. фермасы:**

**«Нұрбеков Жамантай мен Сағымбеков
Шармұхамбеттің»
айтысы:**

Бірінші жауап: Шармұхамбет

Нұрбеков, ал, Жамантай қалай халың ?
Аман ба, шығыны жок туған малың,
Өлді, - деп, 50- қозын өсектеп жүр,
Шын ба, өтірік пе, айтшы дәлін.

Анығынблейін, -деп сенен сұрап,
Жасырмай шыныңды айт, жолдас бірақ,
Жұз саулықтан, жұз қозы ала алмайды деп,
Естиді еміс- еміс, біздің құлак.

Жаамантай 50 – қозы өлді неге?
Сендерге қыс келген бе, елден бөлек,
Кем шықса берген план, орындаімай,
Ұят болып журмей ме, тексергенде ?

Жамантай:

Сейлемей қалайын ба, сенен қорқып,
Өзің аман тұрғандай, мұнша толқып,
Сен де өлтірдің бес басты, жыл басынан,
Қылмыстың отырсындар, бетін бүркеп.

Елу емес 30 – дай қозым өлді,
Өлтегенін «Онынши» ауыл, түгел білді.
Білмеймін бізге қыс, ерте келді.
Қойыма «аусын», - деген, ауыр келді.
Жақсы еді амандығы н, айтпасаң да,
Бізге де осы жұмыс, ауыр келді.

Шармұхамбет:

Аусылдан мал өлмейді, болса күйлі,
Базы жылды, тамағы тұрса сайлы,
Астынаң сыз, бүйірінен сұық отіп,
Іш тастап, қозы олуге себеп болды.

Нұрбеков сөзің сенің тұр қаралмай,
Мал өлмес тұзу қарап, кірсес ыңғай,
Ұялмай қысқа жала, жауын тұрсың,
Осымен құтылам, - деп тұрсың онай.

Ойың да бар ма жолдас, алған міндет,
Көсемге Сіз де, біз де бергеміз серт,
Міндettі берген «план» орындалмай,
Тұбінде ойла жолдас, болмайық мерт

Ішінде колхозыңың, көп қой былық,
Қой аусыл болды екен казақшылық,
Өзінше кім кінәлі, - деп ойлайсың,
Қарамай орта малын, мұнша қырып.

Зор міндет, «Бес жылдықтың», сын сағаты,
Бұл жарыс: «Ел ырысы – Ел намысы»
Дәүлеттің көпшіліктің думандатсын,
Айтатын колхозшының бар алғысы.

Жамантай:

Ешкімге отірік сөз, болмас пана,
 Жұқнайды күйе болып, жапқан жала,
 Мал шығыны «Жалшы» ішінде аз болған жоқ,
 Өлімнен аман тұрсың биыл ғана.

Ер болмас бұл «дәуірде», еңбек етпей,
 Мал өсін өркендемес, жақсы бақпай,
 Үш жылғы кемшілікті, жойдың биыл,
 Жұруші ең жылда сұрап, шөбің жетпей.

Өмірде түсін пе еді, ұлы жолың,
 Білмейді кейбіреулер, озінің мінін,
 Төрінен кемшіліктің, шыға алмаушы едің,
 Шығышты биыл ғана, сенің тілің.

Шармұхамбет:

Рас менің шықты тілім, өсті бойым,
 «Атхотсыз» өлгені жоқ, баққан қойым,
 60-қой Күз басынан, қотыр болған,
 Емдедім өлтіргем жоқ, бәрін жойдым.

Інгері төмендемей, бастым алға,
 Түзелді ісіміздің, беті онға,
 Төрт жылда, Бес жылдықты орындастық,
 Кірісті ер – әйелдер, кемпір – шалда, .

Жұруші ең, сен биікте, біз төменде,
 Сен күлдің, біз жабырқап жүрген кезде,
 Намыстанып табысқа, қолым жетті,
 Ұйымдақсан колхоздың «бірлігінде».

Құтылым кедейліктің қармағынаи,
Қойымның жер козгалар, салмағынаи,
Дояркам Ибраева Зибашымның,
Бал тамыш, май ағады бармағынаи,
Қазір де жиырма бестей, егізі бар.

Жамантай:

Сен құсан мақтанатын, егізім жоқ,
Қойымның қүйі нашар, семізі жоқ,
Іш тастаң туған төлде, шығын болды,
Елде жоқ «аусын», - деген, ауру кез бол.

Сонда да болмап на еді, қотыр – сарып,
Көркіміз болмай кетті, талай барып,
«Жалпының» малы оспейді, олімі кон деп,
Аяғы жүрмей шымыр, кокті жарып,

Сен неге шалқақтайсың қокилаңып,
Жүргендей мал осіріп, «Орден» тағып
Қолыңа – ап тымағыңды, шіренесің
Табысқа қолың жетті, өліп – талыш.

Кемдікті бәріміз де жасырмалық,
Табысқа Сіз де, біз де мастаналық,
Күннің өтіп кеткенін, іспен жуыш,
Бес жылды, төрт жылдықта орындалық!

«Қызылту» колхозында

«Қызылтуда» жүріс көп,
Қызу жүрген, жұмыс жоқ,
Алып еді колхозға,
Елу атпен өгізді,
Күнделікті нормасын,
Орындал жүрген, соқа жоқ,
Табанда қалған «борозда»,
Айдалған жерде, сапа жоқ,
Қисық кигіздей, жыртылған,
Тұзу тартқан «бороз» жоқ,
Мынау – жақсы, жаман деп,
Баға берген адам жоқ,
План берген гектарлап,
Соқашы да, норма жоқ
Жыртқан жерің, сапасыз деп,
Көрген мұны, бастық жоқ,
Егін айдал, жүр деген,
Құр аты бар, заты жоқ,
Түрән пышақ, тіркестің,
Кемшілігі тағы көп.
Жұні бүтін, қоңы бар,
Соқаға жарап, өгіз жоқ,
Ерте ойламай егісті,
Күтімге алмай, бар күшті,
Арық – жауыр, қыршаңқы,
Жұні бүтін, жылқы жоқ,
Көлігіміз журмейді, - деп,
Сылтау қылып, жату көп,
Социалдық құрылышта,
Озамыз – деп жарыста,

Бері қарап, беті жоқ,
Ұят – жігер, намыс жоқ,
Қолға алмаса жұмысты,
Тез жоймаса, кемісті,
Егін түтіл алдағы,
Кемшілік қыста, қауіп кон.
Бері қарап Тойғамбек,
Қара пима кигені,
Көрпе салып астына,
Сұр шинелді кигені,
Төсек жайлы, үй бүтін,
Сары таба жегені,
Сапалы емес ісің – деп,
Жыртылмаған жерің – дең,
Обжомнан шыкқан өкілдей,
Белсene жұмысқа кіріспей,
Егін менен ауылдың, арасында жүреді

Жарыстың Социалдық өсуіне (арнау өлең)

Еліміз – қызу кірісті,
Сын бәсеке жарыска,
Жетіп жатыр данқымыз,
Шығыс пenen Батыска,
Ел гүлденіп, өсті мал,
Халық жет»п табыска,
Дұшпан күйініп, дос табынып,
Қарқында қайрат шабыска,
Жебелі найза, қолға алып,
Көк ала қалқан жамылып,

Қымбат-бауыр соғыста,
Қыран құстай шарықтап,
Көк бетінде қалықтап,
Отан көрғау жолында,
Ерлерің жүр жырақта,
Қидық жаудың қылтасын,
Талқандап берік ордасын,
Ісіміз шыкты жарыққа,
Майданда туыс, тылда бар,
Бір шабайық намысқа,
Еңбек істеп, іс көрсет,
Майдан сүйер, іс көрсет,
Мұра қалсын артқыға,
Өсір малды оркедет,
Тәрбиелеп – бақ төлдет,
Қыстан шығу- киналмай,
Алдымызды тұр міндест.
Үлкен аға, кіші іні,
Ата – ана, қарында,
Қол шығарып, бір жеңнен,
Бір кісідей ұйымда,
Үлкен табыс шабытпен,
Құттықтаймын Женісті!
Ерте бастан, күтімге ал,
Жеккен барлық, күш- көлікті,
Жойылуға жау беті,
Сәті болса, таянды,
Керенау – жалқау, кер тартпа,
Ұйқысынан оянды,
Кел, жарысқа түсейік!
Еңбек істеп барында,
Өрлетейік байлышты,

Үгіттең, жаңын халықты,
Табыстан – табысқа жетейік,
Қызмет істеп, қарқынды!

1945 –жыл

Октябрь мерекесінә арнадым.

Күлімден келді Октябрь, жыл құсындаій,
Сыланған көлдің сұлу аққуындай,
Анқыған «одеколон» иіс майындаій,
Халықтың ардактаған аруындаій,

Әлемге айна боиын, алтын жолың,
Дәуірдің көрінесің, ұстап жолын,
Сүйкімді Елге жайлана, жүзің жылы,
Кіндіктес адамзаттың түссін райы,

Ішіпде он екі айдың, сен Октябрь!
Тарихтың көрінесің ордасындаій,
Елжірсін ет – жүргегім, сен келгенде,
Балқыды барлық денем қорғасындаі.

Жаман күнде жар болған, ардакты күн!
Өзің келдің, Елімнің жұлдызындаій,
Сонау күнге көмілген сүйіктісін,
Мыйға орнап, жүректе бір қалғандай,

Қайрат кетіп, бойымды жүрек тербең,
Барлық жауды, бір өзім қыратындаій,
Ұштасып шашқан нұрын, теңбіл көктей,
Өмірдің шам – шырағы жанатындаій.
Шашес жарық, «мәңгілік» сенің жолын,

Ұрпақтың - ұрпағына қалатындей,
«Қаргайып» жат орынга, жатқанымша,
Қоймаймын әрқашанда, мен жырламай!

Арқаның бетпақ жазық, сар даласы,

Арқаның бетпақ жазық, сар даласы,
Құлпыртып ғүлдендірген сай – саласы,
Егін сап, мал өсіріп колхоз – совхоз,
Көрнекті істеріне таң қаласың.

Бұл күнде ісіміз де ешбір мін жоқ,
Түзелді жұмысымыз, халқымыз ток,
Орындан жеті жылдықты, бес жылдықта,
Қажырлы қайратты Ерлер, шындарға шық.

Мал басын өсірдік біз, төрт түліктен,
Еңбекке Ел жұмылды, шын жүректен,
Дүниенің ашып – жабар, кілті бізде,
Қалмайды жер – жүзінде, біз жеңбеген.

Жетеніміз бақытқа, Партияның көмегі,
Ұлы көсем Лениннің, бастауының себебі,
Өзі өлгенмен, жолы өлмес,
Халықтың сүйер жүрегі.

Коммунизм дауіріне,
Мұлтқисіз тездеп жетеміз,
Қарқын қосып қарқынға,
Өндіріп көмірді арттыра,
Тарту етіп барайық,
Қырық жылдықтың тойына!

Шалқыған көніл

Күн бүгін күліп бізге, иұрын шашты,
Гүл – бактар, бұғасының бүрін ашты,
Қарсы алыш, жанды – жансыз шаттықпенен,
Тау да – орман, сайда – көлдер жымыңдасты.

Қонақтап қиқулаған, ақку мен қаз,
Тосінде думан базар, айдын көлміз.
Ауыл да шаттыққа бір кірсөр еді,
Айтыскан жас келіншек, қайнымен моз.

Жасарып қайың – терек мәуелеген,
Бұлбұлдай тамылжыған, әуен – олең,
Құбылып кок торғындаі, орман нұы,
Балбырал жауқазының, толған күші

«Екі зав. ферменің» айтысы

Алтын:

Зав. Ферме Ахметов, халің қалай?
Өсті ме, шығындалмай, баққан малың.
1946 – жылы жүз жетпіс, сиыр болды,
Қолында қазір қанша, айтшы дәлін.

Түрегел сөз сұрауга, Сізден сұрак?
Шындығын айт жасырмай, жолдас бірақ,
38 – сиырдан, 16 – бұзау алдын,
Осы жерің ойласаң үяттырақ.

Откен жылда 40 – сиыр өлді неге?
Қыс апат әкелді ме, саған жеке.
Малдың басы кем шықса тексергенде,
Болмайсың ба, қарыз боп үкіметке?

Ахметов:

Қалайын ба сойлемей, сенен қорқын,
Өлгені - өліп, қалғаны жүзден артық,
Сен де өлтірдің, екі бас жыл басынан,
Отырсың ғой, қылмыстың бетін бүркен.

40 –емес, 38 – сиыр өлді,
Өлгенін Аудан басшы бәрі көрді,
Аралас қыстың суық аязында,
Сиырға «аусыл», - деген ауру келді,
Өлімсіз жанды нәрсе, тұра ма екен,
Қалғаны көтеріліп, тәуір болды.

Алтын:

Аусылдан мал өлмейді, болса күтім,
Базы жылы, тамағы болса сайлы,
Аусылсыз – ак, жылында жұтайсындар,
Көк шөп үймей, боз шауып түбір – шиді.

Төлімен өлген сиыр, болды қырық,
Ішінде «колхозыңың», көп қой былық,
Өзіңше кім кінәлі, - деп ойлайсың ?
Осірмей орта малын, мұнша қырын.

Міндег тұр, бес жылдықтың «сын» жарысы
Бұл жарыс; «Ел ырысы – ел намысы»

Дәүлестін көшіліктің томендетисей,
Айтатын көшіліктің бар алғысы.

Мал олмес, жақсы қарап құтсөң бағын,
Колхозға жаман өсек, атақ тағын,
Өркенден малдың басы, оседі ғой,
Семізін ішіндегі, жетсің қағын.

Ахметов:

Өлмес ед мал азығы, үйілсе коп,
Ағармай мезгілінде, шабылса көк,
Қараған – селеу, ак боз, ас бола ма ?
Азғындан сық түссе, оледі коп

Мынадай: «Мал осенеуге, себептер коп,
Ірісін «уақ» кылар, семізін жеп»

Алып жеп бір сиырды, жас бұзауга,
Ортаға қол сұғатын, алаяқ көп,
Өспейді малдың басы осыменен,
Сөзінді айта алмаймын, өтірік деп.

Ешкімге өтірік сөз болмасына,
Жұқпайды күие болып, жалқан жала,
Мал шығыны «Игілікте» аз болған жоқ,
Өлімнен аман болдың, биыл ғана.

Ер болмас бұл дәуірде, Еңбек етпей,
Мал есіп өркендермес, жақсы құтпей,
Үш жылғы кемшілікті, жидың биыл,
Жүруші ең жылда сұрап, шөбің жетпей,

Жоямыз кемшілікті, бұдан бұлай,
Байқаңыз Алтын жолдас, артық кетпей.

Алтын:

«Тоқсан сөзге- тобықтай», - деген түйін,
Колхозымда тәртіп көп, бірлік - ұйым,
Ерлік пенен бірліктің арқасында,
Жақсы бағын арттырды, малдың қүйін,
Іштегі ашылсын сыр, жуылсын кір,
Пердесін кемшіліктің, ашатын жыл,
Жетпейді шөбің жылда, - дедін жолдас!
Артылса өткен жылдан, 10 – маям тұр.

Шөбім көк, суым тұнық, базым жылы,
Құндыштадай жылтырайды малдың түрі,
Теңгедей су жұқпайды жамбасына,
Алмайсынбізден көріп, неге үлгі?

Құлақ сал Ахметов, мына сөзге,
«Сын» жүрсе, «мін» түзелер айтса бетке,
Төрт кой, екі сиыр кеткен жоқ па?
1944 – ші жылдан бері Нұркеевте,

Жегізді «Ақ сұр» атты, биыл тағы
«Өспес малға – касқыр өш», - деген тағы,
«Аш», - деп қылмысымды сұрай алмай,
Байланды басқарманың, неге тіл мен жағы?

Ахметов:

Талас па Алтын жолдас, сөзге ткта
Дауылдай бұлтты күнге, аса соқ па?

6 -- бас Нүркесвте, мал бар дедің,
Екі қой Қасымың да жүрген жок па?

Күлменің Алтын жолдас, олғен маңға,
Одан да жегеніңді айтының да,
Айырбас «Игіліктө», аз болған жоқ,
Жұмысың биыл ғана, айналды онға.

Малымды бұдан бұлай, мен де күтем,
Ұлғайтып шаруамды оркендетем,
Орындаи берген сертті, бес жылдықта,
Озуға сенен қайтсем, талан етем.

Алтын:

Ішінде откен қыстың Февральда,
Үйелен қап, бір оғіз өлді базда,
Жауапсыз салақтықтың арқасында,
Текке оліп, екі сиыр қалды сазда

Қарамай орта малын, дұзу көзбен,
Дұрыс па, осы шығын, өзі аз маңға
Ашылмай қылмыс өзі, бүркеліп жүр,
Дұрыс па, малды құртқан, енді заңға.

Аз емес былық – шылық, жолдас сен де
Мойныңа – ап кемшілікті, келші жонге,
Астынаи Шолақовтың қасқыр жеген,
Мойныңда сұраусыз жүр, әлі күнге.

Жаз десен, санақ жүрсе пайда да жоқ,
Әлі жүр, тірі малдың есебін де
«Озам» - деп бол ма жолдас, құр арам тер

Шындығы жалған емсес, сөзім бекер,
Осы «Күз», бізді күшін, жетем десен,
Жиып ал, елде жүрген малды түгел!

1947 – жыл

Бірінші Майға сәлем!

Ер жетпес мақсатына, бірлік қылмай,
Ер жетпес мұратына, тірлік қылмай,
Елжіреп ет жүрегім, сен келгенде,
Балқиды барлық денем корғасындей.

Шынын да үлгі айттың, сен Октябрь!
Тарихтың көрінесің ортасындей,
Әлемге Алтын жолың, айна болып,
Дәуірдің көрінесің ұстазындей.

Жаман күнде жар болған, ардақты Құн!
Емшектес Еліміздің баласындей,
Сонау күнгі көмегің, ойға түссе,
Шөлдесем бір, сузыным қанатындей.

Қайрат кернеп денемді жігерленем,
Барлық жауды, бір өзім қыратындей,
Ұштасып шашқан нұрын, теңбіл көкке,
Шырағы табиғаттың жаннатындей.

Өшпес жарық мәнгілік, сенің жолың,
«Ұрпақтың – ұрпағына» қалатындей,
Жак түсіп, жат орынға жатқанымша,
Қоймаймын, сені Октябрь, мен жырламай!

Бостадықтың есігін,
Ұлы Октябрь ашқан күн!
Ел сайрандаң, жер жайнап,
Нұрдан шашу, шашқан күн!

Ісіміз шығып жарыққа,
Жолымыз қалып «тарихта»,
Халқымыздың бағы орлең,
Кокке самған, ұшқан күн!

Жалаулатып «Ту» тігін,
Ерікті қолға, алған күн,
Қызыл Ерлер қырланаң,
Қыр басына, шықкан күн!

Карғыс алған, қара түн,
Төзак жетіш, батқан күн!
Жауды жеңіш, жайратып,
Кек пен жерді сайратып,
Жарқыран таң, атқан күн!

1957 – жыл

Жалқау Ғалия

Әлімжанова Ғалия,
Жап – жас қана келіншек,
Жас болса да, еңбекке
Қарттардан да еріншек.

Санап басып аяғын,
Түйіп, түсін қабағын,

Шаршадым – дей жатады,
Салмай сөзге қабағын.

Ерте жатын, кеш тұрар,
Үйқыдан да қашпайды,
Шабан өгіз секілді,
Аяғын жылдам баспайды.

«Аурумыз» - дәп ыңқылдан,
Айнала сейлем бүркүлдан,
Қанша айтсаң да, ақыл ғып,
Құлақ салып тоснайды.

Ел мен бірге жұмысқа,
Мезгілінде шықпайды,
Өтіп кеткен бір істі,
Ертектей қып жоктайды.

Сөйлегендей тағы өзі,
Адамға соз бермейді,
Бригадир жұмсаса,
Қолды бірақ сермейді.

Аузынан көбік бүркүрап,
Долданып жылап солқылдан,
Бір нәрсені, сылтау ғып,
Үйді айналып шықпайды.

Жаман десе жұмысын,
Шабан десе жүрісін,
Ашуланып арындан,
Одан жаман өрлейді.

Кемшілігін көзге айтсаң,
Мұның не – деп өзіне?
Токтамай адам созіне,
Айтқан басшы созіне.

Өзі білмейді кінәсін,
Орында май нормасын,
Жиылды болса түседі,
Озінің созін мақұлдан.

Жұдырықтан баласын,
Жерге соғып шәйекті,
Киратам, - дең балталап,
Жұлқылайды әйнекті.

Күйеуінс қараң соктығын,
Әйелім ауру демейсің?
Бригадирмен қосылып,
Жәбірлеп мені боқтайсың?

Мені сағаң, кез қылғаң,
Маңдайымның соры бар,
Сөйлескен де, тимеп ем?
Талай ногян шонжарға.

Шайын ішем Индиннің
Пеш түбінде былаулап,
Жас ет жесем, жарты ішіп,
Ағар еді, тер саулап.

Шық дегенше жұмысқа,
Айтқанымды тауып бер,

Бір киодай шай болса,
Шыгар еді суық тер.

Бір ай жатын емделсем,
Тәуір болып жөнделсем,
Жұмыс түгіл тәуірін,
Тастар едім төңкерін.

Жас ет жесе, жарты ішіп,
Жазылатын беті бар,
Істей кетсе жұмысты,
Қаруы асқан, күші бар

Ғалия атың осындаі,
Жұрт сүйерлік ісің бар,
Теріс пе, оң ба, дұрыс па?
Жалыны әйелдер, есіңе ал!

Санаасы бар адамға,
Осы мінез дұрыс па?
Мұндай мінез, жолдастар!
Зиян істер құрылышқа.

Өсем десен, Еңбек ет,
Шығам десен, жарыққа,
Шабан болмай, ұшқыр бол,
Шаршадым – деп жалық па?
Жатып ішер жалқауға,
Жол бермейтіні анық па?

Адал Еңбек істей біл,
Наным жоқ – деп зарық па?

Сіңсе еңбегің когамға,
Атың қалар «тарихта»!
Ісің сіңсе сибекке
Пайдац тисе, Майданға!
Үкімет иен Нартия,
Бізді мактар «тарихқа»!

1943 – жыл

Ақсақалдар слетіне арнау. 1 – вариант.

Бұғынгі күттү болсын Слеттерің
Бас қосқан, берік болсын бірліктегің,
Бір жеңін кол шығарып, жағадаң бас,
Алтындаі тазарған күн, жүректерің!

Қолымыз жетті көкке, «жауды» жеңіп
Күшейді күннен – күнге ерліктерің,
Күндіз – түн, Майдан үшін еңбек істеп
Кәрі – жас, қымылдайтын келді кезін.

Жасарып жапырактай, жаңа өмірің,
Бүгілген түзелді ғой, қысқа белің,
Карсы алып «ақсақалдар» басын қосып,
Ардақтан құрмет қылып, жатыр Елің!

Сақтаңдар қасқыр – жаудан, малдың басын,
Жас төлдің арттырындар, тәрбиесін,
«Бауыр еті мал – адамның»- деген сөз бар,
Мақалын бұрынғының ұмытпасын.

Салындар «Ақсақалдар», малға назар,
Өмірің мал кон болса, күнде базар,
Шығынсыз осіріпдер, малдың басын,
«Тарих» боп, кейінгіте жолың қалар,
Мадактан жер – жұзіне, үлгі қылыш,
«Органдар», газет – журналға да, «ұндеу»
жазар!

1948 – жыл

«Ақсақалдар слетіне» арнау 2 – вариант

Бас қосқан «колхоз – совхоз», бүгін слет,
Отырған мәжіліс қып, ортамыз «Шет»
Елім бай, жетенім май, ерлігім сай,
Өсуге, өркендеуге оралды бет,

Мал басын аман сақтап, байлықты өрлең,
Өткізіп шығынсыз мал, аман төлдет,
Бір лағын колхозшылар, ит – құсқа бермей,
Көршілес Ауданға да, үлгі көрсет.

Күрделі алдымыз да, үлкен міндеп
Берешек орындалсын, , май менен сұт,
Борышың түр – түрімен орындалып,
Кұрметті Мерекеге, табыспен жет!

Жетерлік мал азығын, үйіндер көп,
Ағармай мезгілінде, шабылсын көк,
Тигізбей суға - сөлге, үйіп- жиып
Мал базын, ерте алындар ремонттап.

Жолдастар! Шығармаңдар міндепті тап естен,
Сақтаңдар Кок егісті, аң мен құстап
Дос емес, ұры – қарыннаң сақтын Халық!
Жері жок, қашаннан да рахым еткен.

Шықпасын ойларыңнан, берілген серг
Бітшей ғаш жұмысымым, болмасын мерт
Көрсеткен міндепті мен шарты тағы,
Уақыттыңда орындалсын жүз бір процент



Саржан төре мен Бодықтың әңгімесі **Поэма**

Қараңғы өткен күнде, біздің халық,
Нашарлар көрмей өткен ешбір жарық,
«Ақтабан шұбырышылық» Қазақ елі,
Тау- таста аң секілді, жүргені анық.

Жазуға «Саржан-Бодық» туралы келді.
Жамиғат түгеліңіз құлақ салып,
Атакты « Саржан төре» ердің бірі,
Белгілі – бұл үш жүзге оның сырьы.

Күшімен ақ наизаның ұшын жұмсап,
Халыққа бұл тұқымның өткен зары,
Аттаның қол жиды Саржан бір күн,
Аттаның жүз батырмен, кетті алысқа.

Күндіз- түн тынбай жүріп, Сырға барды,
Оларға жүріп кетсе жер алыс па?
Жағалап Сырдың бойын келе жатып,
Кездесті жылқысы көп төрт ауылға.

Келгенін қалын қолдың ауыл көрді,
Хабарлап бірін- бірі, ел жиылды
Ерлері ат ұстасып, әйелдері,
Қамысқа тығып жатыр бар бұйымды.

Қалың қол қотанға кеп, тұра қалды,
«Біреуің шық бері», - деп хабарлады.
«Біріне- бірін бар, - деп ел адамы,
Сескеніп, ел ме, жау ма? Сене алмады.

Бір қарт, үйден шығып қолға келді,
Қартқа ат үстінде сөлем берді,
Бұл қалай, елсіз қолде жатқан ел деп,
Қарттан азаматтар жөн сұрады.

Көрген соң, қорқып түрміз түрлерінді,
Ұқсатам қас батырга келбетінді.
Тұрған жоқ, ақыл мен ес бойымызды,
Оздерің айт жарқынның жондерінді.

Өз атым Саржан, - деді, атам Абылай,
Белгілі арғы тегім асқар шыңдай,
Аламыз аз да болса, коптей корін,
Жылқынды шығар жолға, зуре қылмай.
Жүреміз ат шаяндырып тамақтанып,
Айдаймыз сәті болса, тай қалдырмай

Шал айтты: «Үйің даяр, етінменен,
Айдай бер, жылқың анау- бетіңменен»
Анық сен «Ақсүйектің» тегі болсаң,
Болышты атам жолдаас, атаңменен,
Істейтін төре Сізге күшіміз жоқ,
Ауылды қоса алсаң да жылқыменен.

Қалай, - деп Саржан іштен, кірді ойға,
Атасы жолдаас болса, біздің Ханға,
Жайғасып аттан түсіп сойлессейік,
Көрейік шалдың созі, теріс пе- он ба?

Ауылға тұсті аттан қонамыз, - деп,
Бүгін біз, осы ауылда боламыз, - деп,

Дем алып ағымызды тынықтырып,
Бет түзсін бір жағына жүреміз, -деп

Қайнатып абыр- сабыр жағыр шайын,
Беруге шайдан кейін, қымыз дайын
Беруге қонактарға «коңақ асы».
Қысырдың сойды әкеліп, семіз тайын.

Бас қосып, ел мен жолшы, тойды майға,
Тынықты бір күн- бір түн, жатып сонда,
Ал енді жен сұрасып білісептік
Жөнінді ал ақсақал, сөйлей баста.

سار باره تر تر بود و فرد که اکه که
 گاه اکنون دنگه د کو زند و هر دن گاه
 ن شاد لا د کور جای گردی همینه جاری
 ای گاهان شوار اشغال قلای ای دلی
 هر گاه را ای سه چهار دن بول دی گاهی
 چهار چهار سار جان بودت ته دی گاهی
 باید چهار چهار که ای مکر قدر ای سار
 ای چهار چهار بار جانه گردیه مرد گاه بی
 ای چهار چهار و شش چهار گاه و نه ای سروی
 کو شاهی ای چهار چهار که و شش چهار ساره
 گاه لکه دل تقدیم چهار چهار گاه و نه ای گاه و
 قدر چهار چهار سار چهار گاه و نه ای ساره
 ای چهار چهار چهار چهار چهار چهار چهار چهار
 که ای چهار چهار چهار چهار چهار چهار چهار چهار
 و لکه دل تقدیم چهار چهار چهار چهار چهار چهار
 چهار چهار چهار چهار چهار چهار چهار چهار چهار
 چهار چهار چهار چهار چهار چهار چهار چهار چهار

کل کی کوئی فوج نہیں تھی کہ جس قریباً خالی دی
بڑا کر شش قورم دیجے قایاں پڑا دی
پرندہ بیٹھ گئے پر دیجے ۱۸۱۵ء
سچے ستر نہیں دیجے اس طبقہ سچے ستر نہیں
بڑا کر شش قورم دیجے قایاں پڑا دی
کل دستیابی و سستی نہیں دیکھ لیا
پر دیجے ۱۵۰ سز کول دیجے با تھاں دیجے
کوئی کر دی سفرا کر کے دیکھا بچے دیکھ دیکھ دی
و سستی ۲۵۰ قارس با تھریا کول بچے کوئی کھانے دی
کھد کھد کے جد کے اکھنے دیجے ۱۵۰ سز دی
وند دی دیکھو یو ہتھ بارفہ نہیں دی دیکھ دی
و ز اتو سیاد جاہ دیجے ۱۴۰ بچے ۱۳۰
بچل کھل بیار قہ کھو رکھتا ہے کھانے دی
۱۱۰ لی اندھا یو انسا کو بھدیے کھد کھد
جلقہ کھانے دیا کھانے دیکھا اور دی کھا ملے
بیور دی ۱۰۰ سٹال دی دیجے ۱۰۰ کھانے دیا
اوٹھو یو ہتھ بول انسا ۱۰۰ کھانے دی دی
ستار بیتھ دی خیر دی پر دی کھانے دی
۱۰۰ دی یہ بیرون لئے کھانے دیا دی کھانے دی
اندھے ۱۰۰ کھانے دی دیکھ دی کھانے دی بول انسا

مُرَجَّع

لِلْكَوْنَى وَالْمُهَمَّةِ لِلْمُهَمَّةِ
وَسَبَابِيَّةِ تَقْدِيرِ سُرْعَتِيَّةِ تَنَاهِيَّةِ
أَذْلَالِيَّةِ قَوْسَانِيَّةِ تَفَهْمِيَّةِ
كَلْمَانِيَّةِ سَارِطَانِيَّةِ تَحْمِيلِيَّةِ وَبِسَقِّيَّةِ
أَصْبَاحِيَّةِ جَرْدَانِيَّةِ تَسْبِيلِيَّةِ حَسَنِيَّةِ
خَلْبَانِيَّةِ وَتَانِيَّةِ سَهْلِيَّةِ سَهْلِيَّةِ
كَلْمَانِيَّةِ تَنَاهِيَّةِ تَرْسِيَّةِ تَرْسِيَّةِ
أَوْلَانِيَّةِ سَادِيَّةِ قَوْنِيَّةِ قَوْنِيَّةِ
بَرْجَانِيَّةِ وَسَادِيَّةِ بَرْجَانِيَّةِ بَرْجَانِيَّةِ
سَادِيَّةِ بَرْجَانِيَّةِ بَرْجَانِيَّةِ بَرْجَانِيَّةِ
بَرْجَانِيَّةِ سَادِيَّةِ بَرْجَانِيَّةِ بَرْجَانِيَّةِ
سَادِيَّةِ بَرْجَانِيَّةِ بَرْجَانِيَّةِ
بَرْجَانِيَّةِ شَاهِيَّةِ دَارِجَانِيَّةِ دَارِجَانِيَّةِ
بَرْجَانِيَّةِ قَدَّارِيَّةِ دَارِجَانِيَّةِ دَارِجَانِيَّةِ
قَدَّارِيَّةِ دَارِجَانِيَّةِ دَارِجَانِيَّةِ دَارِجَانِيَّةِ
قَدَّارِيَّةِ دَارِجَانِيَّةِ دَارِجَانِيَّةِ دَارِجَانِيَّةِ
شَاهِيَّةِ دَارِجَانِيَّةِ دَارِجَانِيَّةِ دَارِجَانِيَّةِ
الْمَوْلَانِيَّةِ جَرْدَانِيَّةِ سَهْلِيَّةِ بَرْجَانِيَّةِ
جَرْدَانِيَّةِ بَرْجَانِيَّةِ سَهْلِيَّةِ بَرْجَانِيَّةِ
شَاهِيَّةِ سَهْلِيَّةِ بَرْجَانِيَّةِ سَهْلِيَّةِ
كَلْمَانِيَّةِ سَهْلِيَّةِ بَرْجَانِيَّةِ سَهْلِيَّةِ

Шал айтты: «Сұрасаңыз түбім Керей»,
Қалмақтан қашып журміз Сырды өрлей
Шабысқан казак- қалмак зардабынаң,
Шошынып жас балада, қалмады үрей.
Бір түнде үркіп- көшіп, жылжып кеттік,
Еліміз бұл жаңдайды қалды білмей

Арғы атам сұрасаңыз: «Батыр Сырым»
Дос бопты Абылаймен Сырым бұрын,
Біткен мал: «Абылайдың себебімен»,
Кездестің төрем сені, көрем ырым,
Өз атым – сұрасаңыз: « Мамыр- Сыйқым,
Жау келсе ел шетіне, келмейді ұйқым.
Анық сен Абылайдың тегі болсаң,
Мал түгіл адамның да бердім еркін.

Ал сонда Саржан айтты: «Сыйқымбайым»,
Сұрасып ата- жөнінді, білдік жайын,
Сырыммен Абылайдың достығы үшін,
Өзің де қызықпаймын, қалсын тайың.

Болыпты атаң сенің, атаммен дос,
Бір жүріп ұзын жолға тігіпті « кос»
Мен дағы Абылайдың нәсілімін,
Ақсақал : «Мен де, Сізбен боламын дос»
Жүреміз: «Ал, қария, лұқсат бер»
Көргенше қайта айналың, болыңыз кош!

Қымызға әбден қанып, жеді етті,
Алғызып атын жайлап ерттетті
Әкеліп Топжарғанды «жолыңыз», - деп
Колына ат қылып мін, -деп жетектетті

Саржаның Сыйқымбайға коңлі толды,
Ойлауды оңғарар, -деп «құдай» жолды,
Көргенші есеп- сау бол тұрыныз, -деп
Ұстасты қайта – қайта қысып қолды.

Аттапын Саржан төре, кете барды,
Ерттетін Саржан озді мініт алды.
А, құдай, тақымыма қуат қыл –деп,
Коңлден шығарар, -деп бар құмарды.

Жүргенде алды – артынан бірдей аксан,
Жүрісі жануардың тым – ақ сәнді,
Шабысы ұшқан құсты құтқармайды
Коргендер нағыз «тұлпар», - деп қайран қалды.

Ой желке, қамыс құлақ, бокен қабак,
Екі көзі тостағандай, алма сағак,
Ерні салтаяқтай тынысы кен,
Болаттай сом жаралған, кетпен түяк,

Есіктей омырауы, белі қыска
Озады мыңмен жалғыз қатар шапса
Мықынды жалпақ жая, бауыры жазық,
Мұшесі жұмыр келген, жолбарысша.

Құндақтай жұмыр келген, белі дедлек,
Көргенді құмар қылған, мені мін, -деп,
Елік бас, шапса жүйрік, мінсе берік,
Сұлы ауыз, он күн шапса талмас шөлдеп.

Құлан жал, сүмбіл құйрық, түсі торы,
Сүйегі алқам- салқам малдың зоры,

Шапқанда еті қызын жануардың,
Болар ед, сардаладай құз-шың бәрі

Ұнады Саржан ерге, ағтың сыны,
Баптады жем- сүтпенен күндіз- тұні,
Коңліне Саржан ердің әсер кірді,
Дегендей, өзімдегі елдің малы.

Топжарған топтан озған астындағы,
Жауынгер біркелкі жас қасындағы,
Егескен елді шауып, жылқы алғанша,
Көңлі тасқын судай басылмады. і

Қазақты өткен күнде Хан билеген,
Ол күнде, кім Хан болса, сол сойлекен,
Таңдаулы сөзге шебер, билері бар,
Бұқара көншілікке, сөз бермеген.

Атақты Абылай хан заты төре,
Бойы асқан Орта жүзден, жалғыз зере,
Хан сайлап, Орда тігіл ортасына,
Көтерген Орта жүз боп төбесіне.

Абылай Көкшетауды өткен қоныс,
Аймағын құлаш жайып, алған өріс,
Бағынбай Ұлы Орысқа қарсы шауып,
Өмірден көрмей өткен, дамыл – тыйыш

Алысып алды- артымен арыстандай,
Тұра алмай Көкшетаудан ауған қоныс
Өш болып Коңыр менен Тінәлі елі,
Келтірді бір жағынан, о да кеміс.

Қан ұстап Абылайдан туды Қасым,
Жау десс жайнап кетер, құші басым,
Ағытай, Көжек, Бопы, Ержан, Саржан,
Наурызбай, Кенесары бір- ақ нәсіл.

Бір тұқым Есентелді, Құдайменде,
Күш қосса, түсіргендей көктен жасыл,
Бір «сыиши» бұл тұқымды сынағанда,
Бәрінен, - деген екен Саржан асыл.

Жау десе жайнап кетер төре Саржан,
Дүшіанды белдескенде, еткен талқан,
Қайдағы қашқын болса, ізден жинаи,
Ішпіне бұл Үш жүздің, ойран салған.

Егескен елді шауып, қек алам, -дең,
Саржанның көніліне, киял кірген.

Бір күні Саржан төре, қолды жыйды,
Мал сойып, ойын- сауық, тартты күйді,
Қонырды «құдай» берсе, шабамын – дең,
Шақырып ақылдасты Қоныс биді.

Қоныс би кіріп келді ордасына,
Отырды орын алып ортасына,
Қолбасшы Қожаберген, Кенгір батыр
Саржанның отырды кеп, оң жағына.

Шақырттым кенесуге, Қоныс биім,
Ат пепен азamatтым, бәрі жыйын,
Тінәлі, - деген елде кегім кетті,
Сол елді бір шабуға, кетті ойым.

Қолдаса Абылайдың әруагы
Шулатып шауып қайтсам, болмас қын.

Ойым бар Тінәліге барсам, - деген,
Талқан ғын елін шауып, қайтсам деген,
Қоңыр мен Тінәлінің қолшоқпary
Өлтірген он ерімді азаппенен
Астыма тұлпар міндім, қауіпім жоқ,
Ерімнің «күнин» куып, алсам деген.
Сынаймын ерлерімді осы жолы,
Найза ұстап, жүйрік мініп жебелеген,
Жүйрік ат, өңкей жігіт түгелсіндер,
Қолбасшы батыр биім отырысындар.

Саржанға Қоныс айтты: «Батыр, – деді,
Бағынып ел алдыңда отыр, - деді,
Белдессең бегің қайтпас, тиген жаудан,
Ақ Туын Абылайдын көтер, – деді»

Ақырсаң әруағынан, ел тітіркенер,
Қай дүшлан, сені жеңіп кетер, - деді,
Ақылым саған берер- осы Саржан,
Бұл бетің тұзу көрем, жүрсөң, - деді

Қоныстың сөзін Саржан қабыл алды,
Сынатып көвшілікке ақыл салды,
Қайтпасқа осы жолдан, ант берісіп,
Қолдарын жиылған жұрт канға малды.
Бабамның істеп өткен жолы осы – деп,
Айғырын қысырактың, айтып шалды.

Жұруге бетін түзеп, ойланды енді,
Ат пепен азаматты, сайдады енді,
Найзамен, садак- қылыш қарунарын,
Көншілік жарқылдатын, байланды енді.

Бұз жоғдан ес білмейтін бала қалды,
Мал баққан кәрі- құртаң шалдар қалды,
Қысысақ қын жерде керексің – деп,
Қонысты Саржан өзі қасына алды,
Жайнайтын жауды көрсе, жай оғындаі
Іріктеи Үш жұз батыр, таңдал алды.

Аттанып Абылайлаң жонелді кол,
Ат жүйрік, жігіт мықты, қаруы мол,
Дүшпапан кол, аңдың жүрген сыртымыздан,
Қалғаның мал мен жаңға ықтият бол,

Астына мінді Саржан, Топжарғанды,
Үш жүзде Топжарғаннан жылқы озбайды,
Қынына қанға тимей кірмейтүғын,
Наркесекен жасыл болат, семсер алды.
Бөрідей түсі суық, түнде жорткан,
Қаңары Ақландағы, қардан зәрлі,
Қоныс пен Саржан қолдың алдын сүзіп,
Жөнелді шеру тартып, елденbezіп.
Өңкей жас күндіз күрес, түнде сауық,
Арада 17- күн кеткен отіп,
Ат қату, жігіт тату сауықпенен,
Іздеген Тінәліге келді жетіп.

Бұлардың келген жері «Кежек» көлі,
Жайлайтын « Кежек» көлін Тінәлі елі,

Тінәлі Темеш, - деген «екі ру» ел,
Қонатын көл жағалай, қағып желі.

Сол мезгіл Тамыз- Шілде, Июль айы,
Гүлденген жердің беті, шынып майы,
Кілемдей жердің - жүзі, түрленген кез,
Секілді бәйшешектей сала- сайы,
Сол көлді жайлап- қыстап, мекен еткен,
Атақты Тінәлінің Назар байы

Назарға түгел біткен, мал менен бас,
Болмапты қашаннан да, аш- жалаңаш,
Назар бай, Қоңырменен күшін қосып,
Назар бай, Кене ханмен болынты қас.

Болынты Абылаймен орыс қастан,
Тұра алмай Кокшетаудан, көшіп қашқаи
Багынбай Кене ханға, қарсы болып,
Арасы қазақ-қалмақ-орыс көп ұрыскан,
Наурызбай, Кенесары күшін қосып,
Қаласын Ақмоланың көп шулатқан,

Тұқымы Абылайдың Саржан төре,
Әйгілі жұртқа мәлім тентектігі,
Күндердің бір күнінде Саржан төре,
Аттанды Ақмолаға іздел келген,
Кол келді Ақмоланың кіреніне

Жол жүріп бірнеше күн, күндіз- түнде,
Мөлшері сәске түстің мезгілінде,
Көрінді жалғыз қара, көз ұшында.
Абайлап қарайғанға тұрды қарап,

Жау жүрек біркелкі жас, жана талан,
Сағымдай бұлдыратын, келе жатын,
Корді де тұра қалды, халыққа караи.

Ол адам қолды көріп, жалт берді,
Тұрған қол, қаптай шауын қуады енді,
Әлде жын, әлде сайтан, әлде сағым?
Бұлдырап бойын түтел болжатпады,

Алдында өлкे толған, ел бар екен,
Елге кеп хабар берді, жау көрдім деп,
Жете алмай кол тоқтады дуылдасын,
Байқайық ел бар ма?, -ден ақылдасын,

Құғынны елге шашқан келіп қалды.
Шандатын құниң козіп тозаңдатын,
Қантаған қалың елдің арасынан,
Құтылар енді бұлар қалай қашып?

Соғысты елменен жау араласып,
Оқ атын, қылыштасып, найзалаңасып,
Әлгені өліп, қалғаны екі жақтың,
Бөрідей койға шашқан жұлмаласты.
Іргелі ел, ерік бермей ақырында,
Шыдамай Саржан қолы, қайта қашты.

Токтамай сол бетімен Саржан кетті,
Тұздеді жеңілген соң, елге бетті,
Соғыстын ең алғашқы толқынында,
Саржанның Он бір ері өліп кетті,

Шашкан ел, 200 үй Тінәлі еді,
Ергеден Кене ханмен қырып еді,
Назар бай бағынбаған себебінен,
Тореден талай соққы көріп еді.
Ақыры сол шатастың салдарынан,
Саржанның 11 ері өліп еді.

Саржанның 11 ері құнызыз кеткен,
Жоқталмай екі ортада 5 жыл откен,
Мінген соң Топжарғанды Саржан торе,
Ерінің «құнын» іздеп, келген шеттесі.

Саржанның іздегені Тінәлі еді,
Тінәлі 11 ерге кінәлі еді,
Қамалап жан – жағынан жау көбейіп,
Арасы ұзаңқырап кетіп еді.

Қол жинап Қонысты ертіс, Саржан төре,
Барыстай жортып елге жетіп еді,
Кежекті жайлап жатқан қалың елге,
300 қол, Саржан төре тұра келді,

Бұн елге 300 қолмен келді Саржан,
Қолына Абылайдың «Туын» алған,
Мінгені Топжарған ат астындағы,
Жылқы жок бұл ортада онан озған,

Жылқыға қаптай шауып келді тұра,
Саржанның түсі суық, бейне бура,
Желкелеп нар қамысты, бетіне ұстап,
Жылқыға таяу келді, жатқан суда.

Сол жерде бас -- аяғын жыйын алды.
Жылқының алды – артына козін салды,
Қаруын жауға шабар ыңғайланың,
Үстіне сауыттарын киін алды.

Аумастай ер – тұрманын мықтан тартып,
Құйрығын аттарының түйіп алды,
300 қол айырылмас, - дең ұран салып
Жылқыға Абылайлан тиін қалды

Жылқыны тиін алды дүріндегін,
Найзаны нажағайдай жарқылдатып,
Майда-шүйде, тай- жабагы қалын жатыр,
Шаш ұшын, тоныракты бұрқыратып,
Тағалы тай тастамай ортасына,
Шулатын кетті елді күнірентін.

Жылқыны Саржан төре кетті айдал,
Жаңалан ат ұстасып, мінді жайлап,
Жылқы алып көңілі өскен өңкей батыр,
Он салып екі – екіден Абылайлан.

Жылқыны Саржан төре алып кетті,
Күн бата бір өзенге келіп жетті,
Жылқыны суға жауып, аз дамылдал,
Ол жерден тағы жылжып жүріп кетті.

Жылқыны түнде жайып, қыспай айдал,
Сонымен екі ортада, 4 күн өтті,
Жылқыны кеңінен шолып, артын болжап
«Жаксы қарт» -деген тауға келіп жетті.

Егіз тау : «Жақсы Қарт» пен «Жаман Қарт»,
Сол тауда жатты бұлар демін алыш,
Күтүніші артымымыздан келе ме? -деп,
Отырды жан – жағына көзін салып.

Бұларға бес күн болды, жылқы алғаны,
Ие бол, меншігіне майданғалы.
Жайғасын Жақсы Қартта жата тұрсын,
Айтайық кейінгі елдің не болғаны?

Жоқ еді жылқы алғанда Назар үйде,
Қорғалап қалып еді, ел шаба алмай,
Балықтай судан сұзген сұзегімен,
Қалдырмай алыш кеткен, бір жалғыз тай.

Назар бай кетіп еді, алыс сапар,
Жеткен жок жылқы алды – деп оған хабар,
Қос атпен кісі жібер – деді сонда,
Әйелі Назар байдын сұлу Қамар.

Хабарға мен барам – деп тұра келді,
Орнынан соны айтты да түрегелді,
Жүргінші атын ерттеп болғанынша,
Назекең шаңқай түсте, жетіп келді.

Назар бай жылқы алғанда ауылда жок,
Түсті енді жылқыны ойлап, ішіне шоқ,
Жан қорғап малды беріп, қоя беріп,
Қырылмай отырсындар ақымак бол.

Назарбай сөз сұрады, біраз тоқтап,
-Бар ма? -деп Мұса ауылда тұрды жоктап,

Алған жау Қазақ пекен Қалмақ пекен,
Анығын білдіңдер ме?-сұрап тектен.

Бесінде бис ағыттық, ерте байлап,
Кежектің жағасына салдық жайлап,
Артында арық-тұрақ қала берді,
Алдында құлын-тайлар жүрді ойнал.
Үш жүз қол жұбын жазбай, түйдек келіп,
Жылқыны тиіп алды Абылайлан.
Үш жүз қол Абылайлан ұран салды,
Жылқыны еркіне алып, баурап алды,
Қап-қара құннің көзін, тозақ басып,
Сол кездे акылынаи ел адасты.

Бесін мен намаздың ер арасында,
Кежектің жылқы жатқан жағасында,
Біреуді-біреу білмей ұшқан шаннан,
Көрмедік түсі түгіл қарасын да.

Назарды бұзды елдің жылағаны,
Көл қылыш, көздің жасын бұлағаны,
Жүргегін ашу кернеп, қолын сермен,
Селкілдеп тұла бойы, тұра алмады.
Мал үшін өлсем жолда, арман жоқ –деп,
Артына енді Назар бұрылмады.

Назекен жетсе жақсы тілегіне,
Көргенше аман бол, - деп көп еліне,
Қасына бала батыр Мұсаны алып,
Жылқының түсті айдаған сүрлеуіне,
Дауылдай талмай есіп, андай жортып,
«Қартқа» жетіп келді, дәл бесінде.

Кол жатқан «Жақсы Қарттың» даласында,
Жылқыны жинаң салып саласына,
Биіктен қарауылдан жауды коріп, ,
«Азбыз» - деп бұлар енді, тұра алсын ба?

Ат қойды Назар менен Мұса бала,
Аппулы арыстандай жаны жара,
Кеңесіп алқа котан, отырған ел,
Бір-екі келе жатқан, көрді кара,
Шуылдан атқа мінді, абыр-сабыр,
Міністі аттарына көре сала.

Бұл қалай? - деді Саржан екі-ақ адам,
Құғыншы болса мынау-нағыз надан,
Артында келе жатқан көп болмаса,
Қауіп жоқ, қорықтаймыз тіпті бұдан.

Қозғалмай түрдү бұлар, оны бағып,
Бет қайтиай келді екеуі, тақым қағып,
Бұлдырап бұлдырықтай келді екеуі,
Қиядан ұшқан сұңқар қыранша ағып.

Бөгелмей келді екеуі колға тұра,
Көлденен байқағанға бейне бура,
Нақ жасы жиырмадан артық емес,
Денесі толық келген, бір жас бала.

Бетінен түгі шығып түсі суық,
Бөрі алар «Ақиықтай» көзі «Туда»,
Жәбірлеп шаптың төре елімді, - деп,
Қалышылдан сөйлей берді, келе сала,

Қайтпайтын қайсар Ханың тұқымы едің,
Жылқымды қатар торе, ауре қылмай.

Жарайды, -леді бала созің шырын,
Белгілі бұл ортаға, менің сырым,
Назар менен Тінәлі елі өштікпенен,
Өлтірген он ерімді азаипенен,
Он шансам Тінәліні, дәл осындей,
Бітеді сонда ғана, ерім кұны?

Мұса айтты: «Мінезің төре сенің, жын секілді»
Қасқырмен бір шатысың бар секілді,
Өлтірген кінәлінің өзін алмай.
Шабасың төре неге, бейкүнә елді.

Мен сенен кем болғам жоқ, атым Мұса,
Жылқымды қуып Саржан келдім мұнда.
Таласың өз малыма, өліп кетсем,
Арман жоқ елді көрмей өлсем жолда.

Саржан айтты: «Жау десе жасылдаймың»,
Тас кесер құйма құрыш асылдаймың,
Алысып арыстанмен «атам» өткен,
Тұқымымың төренің жасырмаймын.

Сен түгіл Қазақ – Орыс біріксе де,
Қорғалап корқып тағы, бас имеймін,
Қоңыр мен Тінәліні аямаймын
Өіммен қас болғанмен, дос болмаймын.
Орыска Тінәлі елі көмек берген
Кегім бар, алған малды қайтармаймын.

Қол жатқан «Жақсы Қарттың» даласында,
Жылқыны жинаң салып саласына,
Биіктен қарауылдан жауды коріп, ,
«Азбыз» - деп бұлар енді, тұра алсын ба?

Ат қойды Назар менен Мұса бала,
Ашулы арыстандай жаңы жара,
Кеңесіп алқа қотан, отырған ел,
Бір-екі келе жатқан, көрді кара,
Шуылдан атқа мінді, абыр-сабыр,
Міністі аттарына көре сала.

Бұл қалай? - деді Саржан екі-ак адам,
Құғыншы болса мынау-нағыз наған,
Артында келе жатқан көп болмаса,
Қауіп жоқ, қорықпаймыз тіпті бұдан.

Қозғалмай түрдыш бұлар, оны бағып,
Бет қайтпай келді екеуі, тақым қағып,
Бұлдырап бұлдырықтай келді екеуі,
Қиядан ұшқан сұнқар қыранша ағып.

Бөгелмей келді екеуі қолға тұра,
Көлденен ғайқағанға бейне бура,
Нақ жасы жиырмадан артық емес,
Денесі толық келген, бір жас бала.

Бетінен түгі шығып түсі сұық,
Бөрі алар «Ақынтай» көзі «Туда»,
Жәбірлеп шаптың төре елімді, - деп,
Қалышылдан сөйлей берді, келе сала,

Қайтнайтын қайсар Ханың тұқымы едің,
Жылқымды қатар төре, әуре қылмай.

Жарайды, -деді бала созің шырын,
Белгілі бұл ортаға, менің сырым.
Назар менен Тінәлі елі өштікпенен,
Өлтірген он срімді азаппенен,
Он шапсам Тінәліні, дәл осындаі,
Бітеді сонда ғана, срім құны?

Мұса айтты: «Мінезің төре сенің, жын секілді»
Қасқырмен бір шатысын бар секілді,
Өлтірген кінәлінің өзін алмай,
Шабасың төре пеге, бейкүнә сліді.

Мен сенен кем болғам жоқ, атым Мұса,
Жылқымды қуып Саржан келдім мұнда,
Таласын өз малыма, өліп кетсем,
Арман жоқ елді көрмей өлсем жолда.

Саржан айтты: «Жау десе жасылдаймын»,
Тас кессер құйма құрыш асылдаймын,
Алысын арыстанмен «атам» откен,
Тұқымымын төренің жасырмаймын.

Сен түгіл Қазақ – Орыс біріксе де,
Қорғалап қорқып тағы, бас имеймін,
Қоңыр мен Тінәліні аямаймын
Өттімен қас болғанмен, дос болмаймын.
Орыска Тінәлі елі көмек берген
Кегім бар, алған малды қайтармаймын.

Мұса айтты: «Бұдан басқа созің бар ма?
Жер ауып кетіп едің Жетісуға,
Елімді қайта шауып, мұннаға неге
Әкениң Саржан төре құны бар ма?

Долданып Саржан төре, ашуланды,
Семсерін қынабынан суырып алды,
Ақырып аждақадай ашуменен,
Семсерді Мұса жасқа, сермен қалды,
Қалшылдан ашу кернеп, талмаусыраи,
Семсерді сілтегенде, жетпей қалды.

Мінгені Мұса жастың «Керше байтал»,
Жан емес жаудан қорқып беті қайтар,
«Шейт бол!» оліп кетсем, малым үшін,
Жылқымды Саржан төре, кейін қайтар.

Қояндай қамалады Мұса жасты,
Аузынан «Керше байтал», көбік шашты,
Сынаптай сырғып тоитың арасынан,
Талайын Мұса доптай домалатты.
«Санасын жау ұрыспас», - деген ғой деп,
Көншілік «ер» екен, -деп бағаласты.

Жас Мұса қалып қолды етті талқан,
Бірі жоқ жараланбай аман қалған,
Бой бағып, жазым болып қалам ба? –деп
Ұрысқа кірмей шеттеп, жүрді Саржан.

Қоныс би шауып келіп, -деді Саржан,
Жан қоймас түрі жаман мынау қолдан,

Атаңа «әруақ» қонған, абыройың бар,
Шық өзің, ұялмайық намыс-ардан.

Жолдасың түгел түсің, жалғыз қалсан,
Шыға ма? батыр, -деген атын Саржан
Осымен жекне-жекке бір шығыш көр,
Әгәрда күшің жетсе, өлтір Саржан.

Баладан жеңілікті Саржан десе,
Демей ме? Естіген ел, қатын Саржан,
«Жауды аяған, жаралы қалар» - деген,
Майданға «Абылайлап» шықын шашаң.

Сол жерде Саржан ерді, ашу басты,
Санына Топжарғашың қамшы басты,
Қоныстың сөзі окпеден оқтай тиіп,
Мұсамен тура шауып наизаласты

Ұрысты Мұса, Саржан жекпе-жекке,
Өліспей кетер емес, бірі текке,
Алысып «люкбурадай» екі батыр,
Алқынып –аласұрып, кетті өкпе.

Көпшілік екеуіне қарап түрдү,
Андысып екі батыр аласұрды,
Әуелден жүздің жолын берген тұқым,
Мұсаны түйреп-шанышп лақтырады.

Жер құшып Мұса батыр, жатты талып,
Жөнелді «Кер байталды» іліп алып,
Мұсамен бірге келген Назарбай да,
Артына қашып кетті, бір қарамай.

«Малдан да, жапым тәтті» құрысын, -ден,
Тік тартып, жүріп кетті елге қарай.

Өлімнен Мұса батыр қалды аман,
Есінеп есін жиды, кешке таман,
Қол да жок, жылқы да жок, жалғыз жатыр,
Өлді, -ден жығылған да кетіп қалған.
Құндіз-тұн, арын-азып жаяу жүріп,
Еліне бейнет коріп, жетті зордан.

Жылқыны жиып –айдап, Саржан кетті,
Тік тартып, елге қарай түゼп бетті,
Жылқы алып, көңілі өскен оңкей санлақ,
Суына «Байқараның» келіп жетті.

Жатты кеп, «Байқараның» өзеніне,
Көз салды, жер шегінің колеміне,
Сан жүріп, жылқы қуған жерін танып,
Келгендей болды Саржан өз үйіне.

Суында «Байқараның» Саржан жатыр,
Тілегі іздең шыққан болды қабыл
Саржаннан батырлығы бір кем емес,
Саржанға кез болыпты Бөрте батыр,

Кездесіп екі батыр тұра – тұрсын,
Айттайық әнгімесін кейінде ақыр.

Баласы Дайрабайдың Бөрте, - деген
Атақты «батыр» деуді жек көрмеген,
Жас Бөрте 17 – де жауға шауып,
«Батыр», - деп данқы шығып дүнкілдеген,

Қан майдан, қыны соғыс жекіс-жекте,
Жас Борте женілді, - деп естілметен.

Рұы ер Бортенің «Қояншытагай»,
Жауынгер қасына ерген ығай-сығай,
Қамалға түтеп жатқап, жалғыз шауын,
Атакты «жас батыр», - деп алған талай.

Бір күні ойға кірді батыр Борте,
Атағы жас Бортенің шыққан ерте,
Бір терең Бөртеге батыр, ойға кірін,
Жаратып «Коқбедеуді» байлап керме,
Шақырып жондастарын жинап алын,
Айтамын «бір әңгіме», мен сендерге.

Естідім жүйрік өсек, ұзын хабар,
Ойлаймын аттансақ, - деп ұзын сапар,
Отіпті Саржан төре 200 қол,
Шабуға Тінәлі елін болып құмар.

Саржанды бұл оргадаи өткізбесек,
Іздеген тілегіне жеткізбесек,
Жалсар ел, жауға шаптай қалыпты деп,
Жан-жакта естіген ел, қылмай ма?-өсек.

Клетін бұл торенің, тоссақ жолын,
Соғыстың көріп ек қой, талай зорын,
Қанішер сотқарлығы жұртқа мәлім,
Бейкүнә нақақ елге, төккен зәрін.

Сайланып жұз жігітпен кетсек жүріп,
Биіктен қарауылдан ерте тұрып,

Құтылып бұл ортадан кете алмайды,
Оп-опай алмаймыз? ба- быт-шыт қылым.

Сойледі түрегелін Қасым тұрып,
Жан-жакқа, бәйгі атындаи мойнын бұрып,
Ал, Бөрте бастаколды, таста елді,
Корейік Саржан елді кетсе қырып.

Тінәлі көршілес ел, коныс бірге,
Туысқан ата-анамыз қаны бірге,
Ол елді Саржан бүтін шауып қайтса
Шабады аш қасқырдай, ертең бізге.

Ат мініп, қару асып сайланайық,
Найза ұстап, садақ-қылымп байланайық,
Екінші бұл ортадан жүрмestей қып,
Бетіп бір – бұл төренің қайтарайық.

Қосылды жиылған көп осы сөзге,
Табылған ақыл жоқ, - деп бұдан өзге,
Керіліп кешелдесек етіп кетер,
Корейік жазық даала, жапан тұзде.

Сөз бітті, аттануға түзелді бет,
Қайтпаска осы жолдан айтЫЛДЫ серт,
Ер Бөрте бір ай бұрын түс көріп ед,
Сол түсі жүргегіне болғандай дерт.

Түс көрдім бір ай болды түрі жаман,
Білмеймін болатынын қандай заман?
Ақ киіп, Ақбоз атпен аспанға ұштым,
Маңызы қара тастан ауыр маған,

Бұл-жолдан түстен қорқып, қайта алмаймын,
Жатнаиды бұл срікке, жан қорғаган.

Бортенің інісі бар, батыр Былғақ,
Жау десе, құмарланып тұрар сусап,
Оның да, батырлығы кем демейді,
Көп көрген, соғыс жолын қылыш байлаи,
Қайласыз тұйық батыр болу керек,
«Дейді екен» Бөрте оны, «тілді» Былғақ.
«Ер-ер емес, шегінесе» Бөрте батыр,
Не керек түстен қорқып, жолдан қорқып,
«Жур» -деді, елдің бәрін қамаң жатпай,
«Ажал жоқ», саған тұрған оғын оқтап.

Сайланып өңкей батыр, шықты жолға,
Ат жүйрік, жігіт мықты, қару қолда,
Көрмеді күндіз күлкі, тұнде ұйқы,
Төреге бір кездесіп жолықканша.

Тұн қатып өңкей батыр сауырлады,
Аттары алып қашып арындарды,
Өзеніп «Байқараның» өрлей жортып,
Биігін «Бұғылының» бауырлады.

Өңкей жас, жау іздеген көңілі өсіп,
Ән салып, екі-екіден үнін қосып,
Алдында қанды қақпан Саржан жатыр,
Дегендей кездесейік, жолын тосып.

Жігіттер келе жатыр, ойнап-күліп,
Жау болып, бірін-бірі кезек іліп

Қай жерден, Саржан төре көздессет, -деп,
Күн бата «Байқарага» қонды келіп.

Ұзақ таң Қыркүйектің бас кезі еді,
Дамылдан жата кетті, көзін ішін,
Аттарын бекітті де, қоя берді,
Шаршаған тәтті ұйқыға, кетті кіріп.

Онаша Саржан төре жалғыз жатқан,
Жібермей «Топжарғанды» арқаңдаған,
Жастық қып, ер-тоқымын бастарына,
Саржаннан көпшілігі оқшау жатқан.

Сол кезде ояу жан жок ұйықтамаған,
Жүргегі көтеріліп басылмаған,
Көңілі ояу, көзі ұйқыда жатыр еді,
Естіді бір дыбысты дабырлаған.

Орнынан дыбысты естіп тұрды Саржан,
Ертеп «Топжарғанды» мінді шапшаң,
«Жау келді, тұрыңдар», -деп дыбыс беріп,
Тоқтамай жалғыз шауып кетті Саржан.

Сұңқардай сорғалатып «Топжарғанмен»,
Заулатып топқа тұра, келді Саржан,
Көп жылқы жетіп келсе, жайлап жатқан,
Сүмбедей бәрі жарау қатып қалған.
«Мынау бір құдай берген, олжам-ау» -деп,
Жылқыны Саржан төре баурап алған.
Қауіпсіз Бөрте батыр ұйықташ жатқан,
Алансыз тәтті ұйқыға әбден батқан,

Аттарып қуып жүрген жауды көріш,
«Тұрыңдар», - деді Қасым, ойбай аттан:

Жігіттер абыр-сабыр тұра келді,
Бортеге «Көкбедеуді» ерттеп берді,
Артымнан кешелдемей келіңдер, - деп
Ер Борте жалғыз шауып кете берді.

Саржанға жалғыз шауып Бөрте кетті,
Көп жауға, жылқы қуған келіп жетті,
Өлесің малды таста, шық былай, - деп
Ішінен Бөрте батыр, етті қауіп,

Айқасып біріп-бірі, ала алмады,
Женіліп бірі жерде, қала алмады,
Бортепің ажалы ма, бейнеті ме?
«Кокбедеу» бұрынғыдай шаба алмады.
Саржанды бір мәңгеріп, алып еді,
Найзасын талмау жетіп, баса алмады. ,

Оралып Саржан қайта шауып келді,
Үрыстың бір әдісін тауып келді,
Үршыңтай аттың басын, тез бұрып – ап,
Бортені көк желкеден шауып өтті.

Бортенің басы доңтай ұшып түсті,
Денесі кара жерді құшып түсті,
Тынырлап екі қолмен, жер сабалап,
Айтқанша біраз жатып, жаны шықты.

Оқ тиген жолбарыстай Борте жатты,
Сарғайып «Шолпан» туыш, таң да атты,

Бедеуді Саржан төре жетекке алып,
Жылқыга кейін қалған, қайта шанты.
Бедеуді жетектегі таныған соң,
Бөртепің жолдастары елге қашты.

Жылқыны Саржан құды басын қосып,
Көшшілік ұрыспады, жаны шошып,
Баяндап ер өлтірген әңгімесін,
Мактандын Саржан төре тұрды жосып.

Себеп бол құдай колдап, әруақ жебел,
Өлтірдім бір батырдың басын кесіп,
Ақ қаны ер мойнына кетпейтін ер,
Білмеймін болатынын, арты нешік.

Ол жерден көп бөгелмей, тағы көшті,
Ел шауып, ер өлтіргенін бәрі естіді,
Шұбыртып көп жылқыны, қыспай айдал,
Белінен «Қарақойтас» асып түсті.

Суы мол, жері жайлышты өзен болса,
Үш-төрг күн жаталық -деп ақылдасты.
Саржанның көп косылып бұл сөзіне,
Шуылдан бір ауыздан « мақұл» десті.

Шұбырды жолмен жосып, қалың жылқы
Салғаны ән, тартқаны күй, өңкей серке,
Қаптаған қалың қолдың қарсы алдынан,
Кез болды ағып жатқан ұзын өлкे.

Бұл өзен «Қармыс» -деген ұзын аққан,
Басы «Үштас», «Сарысу» менен төмен аққан,

«Бұғылы – Тағылышың» арасында,
Бұраңдап ақ құмістей, ағып жатқан,
Желкелен «Тесіктасты» төмен қарай,
«Нұраға» көлденендең құйып жатқан.

Осы озен Саржан сүмның қолғен жері,
Бөртенің ойнаш – жайнаш, жүрген жері,
Жасында жар жағалаш, лақ қуыш,
Кір жуып, кіндік кесіп туғаш жері.
Жау жүрмес жел жағынан, айдыны зор,
Бораншы, Бәйімбеттей - атақты ері.

Бортені олтіріп кең, жатты Саржан,
Жегені ет, тартқаны құй, салғаны ән,

Бөрте өзіп, жолдастары қашып кеткен,
Бастайық әнгімені, ал солардан.

Қол жеткен Бөрте өлген соң елге қашып,
Қараңғы қара тұман, үстін басып,
Қалған қол, сәске түсте елге келді,
Тасырқап қара жерді әзер басып.

Ішінде мына қолдың Бөрте жоқ – деп,
Жиылды елдің бәрі шуылдасып,
Қолбасшы Бөрте батыр қайда – деп ед,
Біреуі айта алмады, аузын ашып.
Қипактап Қасым батыр, біраз тұрып
Бортені жау өлтірді, -деді басып.

Аттанып осы жерден шықтық жолға,
Көз салып қарауылдан оң мен солға,

Тореге ізден шыққан кездесс алмай,
Күн бата «Бұғылыға» жеттік зорға.

Бұл жолда кордік істің ауырын да,
Жаттық кеп «Бұғылының» бауырында,
Саржан да тап сол күні, келгөп екен,
Уәде айтысқандай алдымызда,
Талып кеп, күн батқан соң жата кеттік,
Қауіп жок, жау кездессер ойымызда.

Онаша жатыр еді Бөрге батыр,
Көншілік бет-бетімен ұйықтап жатыр,
Аттарды қуыш жүрген, жауды көріп,
Артынан жалғыз шауып, кетті батыр.

«Кокбедеу» жетегінде Саржан төре,
Жылқыға қайта шауып келе жатыр,
Жетектен «Көкбедеуді» таныған соң,
Біз дағы бас аман, -деп қаштық ақыр,
Айрылдық ер Бөртеден бүгін түнде,
Жасырып айтпауымыз емес макұл.

Күйзелді ел, қүціреніп «ой, бауырымдап»
Ат қойып келіп жатыр, ел шуылданп,
Күйініп ер Бортенің жақындары,
Түйедей темір артқан, жер табандап.

Хабарлап бірін-бірі, ел жиылды,
Бортенің өліміне, жұрт күйінді,
Жас бала, қатын- қалаш, шал болмаса,
Калған жок, ерекек кіндік бір үйінде.

Үш ата: «Кояншытагай», «Кэрсон», «Керней»
бірге туған,

Жарылғап қатарынан озып туған,
Атағы Абылайдың хан күнінде,
Бір жүріп талай рет, қамал бұзған.

Богенбай, Байғозымен бірге жүріп,
Атағы сол ерлермен, қатар шықкан,
Кейінде Жарылғантың жөзіп қуып,
Жас батыр «Бодық», - деген батыр шықкан.

Бодық та батыр болты заманында,
Ұрыстың білу керек амалын да,
Іздеп кеп, «тантап» шықкан талай батыр,
Бодықтың жүру керек жанабында,

70 - ке ер Бодықтың келген жасы,
Ағарғап тарлан тартып, сақал-шашы,
Нұр тайып қара көзден, түсі солып,
Жеңіліп 75- те жатқан шағы,
Баладай шалыс басып екі аяғын,
Төменидеп, кәрілік женіп, қайтқан бағы.

Төсекте жатты Бодық, жасы толып,
Жасанған жауға шапқан, басшы болып,
Бөртені Саржан төре өлтірді, -деп
Бодыққа біреу келіп хабар берді,

Өлтірді ер Бөртені, Саржан төре,
Мен келдім Беке Сізге, хабар бере,
«Қармыста» жатыр Саржан, шатыр тігіп,
Жасанған 300- батыр, өңкей зере.

Котеріп Бодық батыр, алды басын,
Қүйніп «сорғалатты» көздің жасын,
«Ер олсе, Елім жесір қалды ғой, - деп,
Ер Бодық есекіреп, тұрды жасып.

Батырдың еркін алды, ашу билеп,
Қозғалды барлық дене, жүрек тербеп,
Аяғым» жүр», қолым»ұр», - дегендей бол,
Бодықты билеп кетті, жүрші-жүрлен.

Садағын белге байлан, сауытын килі,
Алғызып «Кербезкерді» мінді ерлеп,
Келгендей 35 – жас, қайта айналып,
Ер Бодық өсіп кетті, көкке өрлеп,

Ер Бодық мінді астына «Кербезкерді»,
Жиында топтан жалғыз озған керді,
Өлімі ер Бөргенің Ерді бұзып,
Шыққан соң, елден аулақ жылай берді.

Орғытып «Манатайды» қырлай шауыш,
«Ұстаның» кезеңінен келіп шықты,
Жан-жакқа Бодық батыр көзін салды,
Өлкеде қаптап жатқан көрді малды,
Ел шығар, не жау шығар білейін, -деп,
Биіктен төмен түсіп, құлай салды,

«Қармыстың» Саржан жатыр өзенінде
Ұстаның ел жиылды кезеңіне,
Саржанмен қартайсам да бір кездесіп,
Қызығып 75-ті көрейін, - деп,

Кергітіп Кербезкермен Бодық келді,
Бодыққа жиналған ел сөлем берді,
Жас борі жауға шабар олді Борте
Ел жесір, Бөке қалай болды?
Баласы ер Борте Әлі мен Шор
Бодыққа мұзыны шағып, жылай берді.

Қарт Бодық көпшілікке айтты коңіл,
Маган да осы жұмыс, емес жеңіл,
Кегінді сүм төреден әперемін,
Көз жасын шырактарым болса қабыл

Деді де Бодық батыр алға тартты,
Билемді ашу-қиял Бодық қартты,
Қолдаса Жарылғаштың әруагы,
Корейін ел жылатқан бәлем сартты.

Жөнелді контен шығып Бодық жалғыз,
Санына бірге Кербезкердің қамшы салды.

Қарт Бодық тұра шауып келді қолға,
Садағын белге байлан, найза колда,
Мен Бодық танимысың Саржан төре
«Шық былай» батыр болсаң қарулан да.

Өлтіріп Саржан төре бауырымды,
Кесірін тиді тере талай елге,
Қолынды салдың «басқа», малды қойып,
Бодықты олтір тағы, келдім мен де.

Бодыққа Саржан айтты; тұрсың жосып,
Өлтірдім мен Бөртенің басын кесіп,

Ойласам, Бодық сені ер екен, - дең,
Кетпес нем алдеқашан үркіп-көшін.

Қапыда қария Бодық қалмасын, - дең,
Қармыста жаттым сені ұш күн тосын,
Атымды мініп, қаруымды байланайын,
Барын тұр майдан жерге мені тосын.

Соны айтып Саржан қосқа кіріп кетті,
Бодық та сол бетімен жүріп кетті,
Бодықтың кейін қалғын жолдастары
Артынан бұлар дағы, келіп жетті

Інгері көп жылқыны кеткен айдан
Қалып ед Саржан төре артын байқап
Қасында 200 батыры бар,
Шықты енді Саржан төре жайдай жайнап

Шапты енді Саржан төре Абылайлан
Көлденең Бодық шапты бер құдайлап
Шыққандай жиырма бескे дәл сол кезде
Ер Бодық өсіп кетті, көкке бойлап
Тер шашып, көбік басып Кербезкөр де,
Киіктей орғып- атқып шапты ойнап.

Саржанның қасына ерген өңкей батыр,
Екі жағы сабаласты сатұр-сұтыр,
Бодықтың қасына ерген жүздей адам,
Ұрыстың түрін көріп, қашып жатыр,
Шал-шауқан, қоян жүрек шалағайлар,
Қарамай алды-артына кетіп жатыр.

Қарт Бодық кірді жаудың арасына,
Қайтнайды кон екен, - деп қарасына.
Бодыкты жеке байлан аламын, - деп.
Жұлыңды Саржан төре жолдастыңа.

Екеуі шығып кетті, жекие-жекке,
Өліспей кетер смес, бірі текке,
Найзасын бірі шанишп, бірі қағып,
Алысын, аласұрып, кейде отіп,
Ашулы арыстандай екі батыр,
Өліспей кетер емес, бірі текке.

Саржаңды шанышты Бодық, сырттан түйреп,
Токтамай кетті шауып, шабысу, - деп,
Найзаны бірер қабат, толғап еді,
Саржаңды баса алмады, еркін билеи.

Колына екі батыр садақ алды,
Бірі інгері біреуі кейін қалды,
«Кезек беру» үлкендердің жорасы бар.
Бодық бұрын атуға, кезек алды.

Ердің касы, жүректің тұсы ғой, - деп.
Серт ұстап, шіреніп қарт тартып қалды.
Саржанға атқан оғы талмау жетіп,
Дарымай денесіне қыыс кетті,
Садақтың сегіз қырлы, өткір оғы,
«Кіресін» садағының үзіп кетті.
Садағын Саржан ердің кері соғып,
Өткір оқ садағының кері соғып,
Анадай жерді барып, бұрқ еткізді.

Бодықтан Саржан кезен ала алмады,
Екінің бұрыңғыдай бола алмады.
Түйіліп «Ақиықтай» Бодық батыр,
Алуға Саржан ерді ыңғайланды.

Саржанға бір кездескен мүшел ғой, - деп,
Қашуға сиді Саржан ой ойлады.

Тұра алмай Саржан төре жөнелді енді,
Артынан Бодық батыр қуады енді,
Төренің қашқаны да, өлгені де,
Ер Бодық осы ойменен қала берді.

Тоқтамай сол бетімен. Саржан кетті,
Алдыңғы кеткен қолды, қуын жетті,
Андаусыз асқар таудан құлағандай,
Еңсесі Саржан ердің, тұсіп кетті.

Абылай бұл ортадан, бойы асқан,
Кан ұстап Қасым туып, орнын басқан.
Ел шауып, ер өлтіріп жұртты қанаң,
Бейкүнә нақак елмен, болды қастан.

Қасымнан қайтпас болат, Саржан тұған
Ел шапқан атасының жолын қуған,
Жүйрікке «томар», - леген, осы емес пе?
Сол Саржан женілген соң, осы қашқан.

Бұл өзен «Қармыс» деген, ұзын аққан,
Басы «Ұштас», «Сарысуменен » толқын соқкан
Женіліп Саржан қашқан себебінен,
Бұл күнде аталады «Саржан қашқан»

«Саржан қашқан», - деген өзен Шеттің шегі
Саржаниң заты төре, аргы тегі,
Бір соғар жолбарыстай қайта айналып,
Ішінде бұл торенің, кеткен кегі.
Токтамай сол бетімен, Саржан кетті,
Алдыңғы кеткен қолды, қуып жетті,
Жылқыны қүндіз – түні жатпай айдал,
«Ешкі өлмес», «Айыртауға» келіп жетті.

Тыныкты үш күп жатын, «Айыртауда»,
Шомбызы Саржан төре, терең ойға,
«Қоянды –камыс өлтірер, ерді –намыс.»
Айдаған қызықпады, құлтын –тайға.

Өз басыммен садағым, құны бірдей,
Құнымды іздең жүрмін, кейін қайта,
Екі жұз мұнда қалды, іріктеліп,
Бір жұз адам, ілгері жылқыны айда.

Бодықтан қанды кекті, ала алмасам,
Бұл жолда елді кормей қалайында,
Қолдаса Абылайдың әруағы
Бодықтың басын доптай, қағайын да

«Кәрсөн », «Керней», «Қояншытагай» үш
руды,
Шулады «Үршебасты» шабайын да,
Тағалы тай тастамай, ортасына
Сабасын жастық етіп, жастайын да
Ақылмен пішкен киім, тар болмайды,
Батырлар калай дейсін, бұл ойымды.

Саржанға Қоныс айтты: «Жұргениң жөн»,
Бодықтан шықкан жок қой, атағың кем,
Тореге қашқан да өлген, өлген де өлген,
Бұдан да тірі жүрмей, өлгениң жөн.
Бодықтан женілішті деген аттан,
Көр қазып, жер астына кіргенің жон.

Қоныс би сөзді қыска, тез бітірді,
Ашулы Саржан ерге, қайрат берді,
Ілгері жылқы айдауға аттанатын?
Ірікеп батырларды, екі болді.
Дуылдан, «Ту» көтеріп, қол жөнелді.
Қолбастап Саржан торе, жүріп кетті.
Ал, Саржан қолды бастап, жүріп кетті,
Шапқанша елді қашан, сабыр кетті,
Арада күндіз-түні, тынбай жүріп,
Кектескен ел шетіне, келіп жетті.

Жай жатқан малын бағып, үш-төрт ауыл,
Талқан ғып келген бетте, шауып өтті,
Алғашқы Саржан өзі қашқан жұртқа,
Күн бата қоналқаға тура келді.

Бодықпен атықан жұрт, осы келген,
Шалғынға шатыр тігіп, суға жұзген,
Сайрандал Саржан төре, жата тұрсын,
Хабар ал, жәбірленген қалған елден.

Ауылды келген бетте, шауып өтті,
Кіруге ел ішіне, қауіп етті,
Хабарсыз киналған ел, жаталсын ба?

Бодыққа қос атпенен, хабар көті.
Қарт Бодық жатыр еді, шырт ұйқыда,
Ел жатқан ояу жан жоқ, бәрі ұйқыда,
Түс коріп Бодық батыр, шошып тұрды,
Қотанға кездесті, - деп бір оқиға,

Жишап – ап елдің бәрін, айтты ғүсін,
Шошынып мен түсімнен, кетті есім.
Бір қатер тағы бізге, бар гой деймін,
Жан қалмай таң атканша, ел жиылсын,
Ат мініп, карулансын азаматтар?
«Бос соз» - деп салақсымай, тез жиылсын.

Түсімде бір ит көрдім, ала мойнақ,
Артынан көп ит көрдім, козі жайнан.
Қалың ит қаптап келін, араға алыш,
«Аре» етін сол қолымды, кетті шайнап,

Көп итті жұдырықпен, кезек ұрып,
Серпілтіп шетке карай, шыктым айдал,
Түсімнің менің көрген, осы «нағы»,
Түскен жоқ қашқанменен, тістің дағы,
Қауіпсіз қам отыру, дұрыс емес,
Қайткенде шешілмекші, істің ағы.

Тамаша Бодық батыр бір түс көрді,
Ерттетіп «Кербезкерді» байласп қойды,
Күн шығып, таң азаны болған кезде,
Шапқынышы қос атпенен, жетіп келді,

Ентігіп белдеуге әкеп, атын байласп,
Есіктен сәлем беріп, кіріп келді,

Сөйлеуге аузы келмей, кемсөң қағып,
Бодыққа мұңын шағып жылай берді,

Отырды Бодық батыр, жездей жасып,
Жау келіп шапты малды, айтсаншы ашық,
Ауылың бір анатқа, кез болды ма?
Түн қатып нағып жүрсің, түсің қашып,

Қалың қол кеше түсте Саржан келді,
Ауылға «Абылайлан» шауып келді,
Отырған төрт ауылға түк тастамай
Мал менен үйді талан, шауып кетті,
Өшіккен Беке Сізге, кекпен келіп,
Қисының қан жол торс, тауып кетті,

Қарт Бодық сұп –сұр болып жігерленді,
Борте өліп, қалған елі жәбірленді,
Артынан өзгелерің келе бер, -деп
Орғытып Кербезжармен жүре берді,
Есіне Борте батыр түсіп кетіп,
Антулы»ер» айдалада күніренді.

Биікке шауып шыкты Бодық батыр,
«Қармыста» шатыр тігін Саржан жатыр,
Көз салып алды-артына құғыншының
Абайлап бәрін байқап, көріп отыр.

Отырды Бодық батыр, аттан түсіп,
Көңілі бір төмендең, бірде өсіп,
Көрейін көпшілікпен ақылдастып
Отырды ойға батып, аттан түсіп.

Ел мен жау, бір-біріңе жақындасты,
Бодық та жолдасымен ақылдасты,
Өшігіп кек алуға, келген Саржан,
Әуелі озі бұрын шапсын десті,
Бодықтың бұл сөзіне, ел қосылды,
Шуылдан қошилік те қабылдады.

Созім бар, -деді Саржан менің конке,
Қате айтсам, қате айттың, -ден мені сөкпе
Мен Саржан, анау-Бодық 75-те,
«Жендімі-деп мақтанып, жекпе-жекте
Бодыққа кісі салып сойлесейік,
Соғысып шатылмайық, енді текке.

Толық қып, садағымның құнын берсе,
Ат-шапан айыбым –ден жолын берсе,
Құныкер ер Бодықтың өзін берсін,
Бұл сөзді Бодық батыр, теріс десе,
Мен даяр ендігісін, өзі білсін.
Қайлаң көп «тілің шебер» Қоныс биім,
Хабарын ер Бодықтың алып клсін,
Бұл сөзді жөн көремін мен де деді
Қайтарар кандай жауап, бетін білсін.

Орнынаң Қоныс шап-шаң, тұра келді,
Аяңдап қошилікке, жетіп қлді,
Бодықтың қолын ұстап, сәлем берді,
Қоныс би тілді брезен, сөйлей берді.

Жіберді Боке Сізге, Саржан інің,
Садағының кіресін үзді, атқан оғың,
Өз басымен садағымның құны бірдей

Толық қын, садағыма «құн» бермесе,
Жәбірлен, тағы шабам, қалған елін

Мен Саржан, атам Абылай білсін-деді,
Бермесе «өнерімді» көрсін, -деді,
«Құн» беруді қөшілік, теріс десе
Бодықты ортасынан берсін, -деді.

Тоқтатты осыны айтып, Қоныс сөзді,
Бұл сөзге ел қамығып, зәресі ұнты,
Дауылдай толқым сокқан, түрі жаман,
Берейік садағының «құнын» десті.

Байланды осы сөзге, елдің жағы,
Жиналған қөпіліктің, сынды сағы,
Ішінен Бодық батыр ойға батты,
Бұл жолы аса ма? - деп Саржан бағы.
Өзіне-өзі Бодық батыр, қайрат берді,
Түбінде ашылар, -деп істің ағы.

Сол жерде Қоныс өзі, жалғыз қалды,
Көпшілік сойлесуге окшау барды,
Елшіні қандай сөзben кайырамыз, -деп,
Қарт Бодық қөпінілікке, акыл салды.

Софысын «тәуекел», - деп көреміз бе?
Тілегін бұл төренің береміз бе?
Ағашқа «құн» беріпті, Бодық десе,
Жүрмей ме, танба болып тірімізге.

Өлтірді жолбарыстай Ерімізді,
Ел шауып, қып тастап желімізді,

Ел қалай, Борте қалай, ағаш қалай,
«Құп» бер, -деп қалай отыр тірімізге,
Саржаның сабауына, құн толесек,
«Құдай» да дұрыс демес мұнымызды.

Өмірдің откіздім ғой бірталайын,
Саржанан не өлейін, не қалайын,
Бортеден менің жаңым, артық емес,
Ел үшін құрбан болын, мен барайын.

Қонысқа: «Бодық келді тұрған көнтен»
Арбасын бірін-бірі, аңдып іштен,
Атақты ерім өлді, ел шабылды,
Төрең айт: «Түк онбейді, бұл егестен.

Май ішкен: «Ұл табам», - деп менің шешем,
Саржаның біледі өзі - Бодық десен,
«Құдайдың» берген бағы, баста болса
Саржаның доптай қылыш, басын кесем,
Қашқын қол канды балак, иеге өшікті?
Төреңді жібер Қоныс, өлсін десен

Шашасын екі жақтан, жігіт-желең,
Майдан жер екумізге-анау белен,
Саржаның менен алар кезегі бар,
Ол бұрын атсын мені, кезек берем
Күші асса, өлтірсін кеп Саржан мені,
Әгәрда тірі қалсам, кейін көрем,
Жеңілсем шарам бар ма? басты берем,
Асқар тау, ұзын өлке, жерді берем,
Құнына садағымның қосымша ғып,
Көшіріп айыбына, елді берем.

Бортені олтіргені бойына құт,
Қайтарып шапқан малды, берсін торен,
Рұлы ел, ұялы терек біз де елміз
Шатаспай елмен текке, қайтын төрөн.
Қызығын 75 –тің бір көреійін,
Қалауын өзі таңдал, алсын төрөн

Бодықтың сөзін естіп, Қоныс кетті,
Аяңдал Саржан өрге, жетіп келді,
Отырған хабар құтіп, көшілікке,
Қоныс би естігенін, баян етті.

Бодыққа айттым барып, сәлемінді,
Женілмей берер емес тілегінді
Бодықтың сөзі күшті, көнілді десті,
Қайтарды котерілген жүрегімді
Бортенің «құнығын» Саржан берсін, - деді,
Орнына алған малды, салсын, - деді
Еріме «құн», алған малды қайтармаса,
«Мен даяр», Саржан батыр келсін, - деді
Әкесін өлтіргем жок, қашқан онын,
Шатаспай қан жол төрөн, қайтын, - деді

Кездеспей кет»төрем», тілімді алсаң,
Шошыдым қарт Бодықтың, мен қалпынан,
Бодықтың «әруағы» басты мені,
Алғызбас саған оңай, тоқтағаның.

Саржанға бұл сөзді естіп, ашу кірді,
Жүрегін ашу кернеп, билей берді,
Садағын белге байлап, сауытын киіп,
Долданып атқа мініп, жөнелді енді,

Ақылға ашу шіркін, ерік бермей,
Ақырын майдан жергे, барып тұрды.

Келгенін Саржан ердің, көрді Бодық,
Кілегей қара бұлттай, тәнді Бодық,
Үш жерден кер айылдаپ, мықтау тартып,
Үстіне «Кербезкердің» мінді Бодық,
Найзасын нажағайдай жарқылдатып,
Саржанға Бодық батыр, келді жетіп.

Мен қара, Саржан батыр сен торесің,
Атаңың басын Саржан өңгересің,
Жүрегің қан ішпесе басылмайды,
Затыңмен ел шабуды, жөн коресің,
«Бер», -депсің карт Бодықты, сен еркіме.
Мен келдім, көрімдікке не бересін?

Бодыққа Саржан айтты: «Мен төремін»,
Тоқтадым «кудай» берсе өнгеремін,
Женілсең Бодық батыр, не бересін?
Еріңс мен женілсем «құн» беремін.

Жарайды, -леді Бодық, Саржан төрем,
Жылайды Саржан десе, жалпықөлем,
Ажалдан адам қашып, құтылмайды,
Тұған соң ажал анық, ақыры өлсем.
Ие бол өз сөзіне, батыр болсан,
Женілсем, садағыңың, құнын берем.

Серттесті екі батыр, кол ұстасып,
Екеуі екі жаққа, барды қашық,

Екі жақ екеуіне, қараң тұрды,
Қайсысы алады, - деп күні асын.

Мінгені екеуінің екі тұлнар,
Тастайды жер ошақтай, жерді қазып,
Шақырыш рунының «әруағын»,
Тебінің аттарына, қамшы басып

Майдапда екі батыр, пайзаласты,
Алмак боп бірін-бірі, жан таласты,
Ала алмай бірін-бірі, жан таласын,
Көздері екеуінің қанталасты
Күштерін екі батыр шамаласты,
Көпшілік екеуін де бағаласты,
Саржанды, «Бодық батыр» түйрек шашын,
Атының сол жағынан домалатты,

Жүйрікке» томар», - деген осы дағы,
Жер құшып Саржан төре омақатты
Саржанды Бодық батыр өлтірді, - деп,
Саржаниң жолдастары қаптай шапты.

Ер Саржан көпшілікке колын бұлғап,
«Шапандар» сабыр қыл, - деп тоқтатты елді,
Шабыспай екі жақ та, тоқтады қол,
Қайткенде бұл сапарда, болмайды жол,

Уш жүзге Саржан атым шығып еді,
Бодықтан 75 – те болдым мен қор,
Саржанды босатнады Бодық карт,
Айтысқан қол алысып, бар ғой шарт,

Кесіл-ап құлағымды, «құл» қылсаң да,
Найзаңды Бодық батыр, кейін тарт.

Сертім бар, қайта айтпаймын, өзім айтың,
Қайта айтың қатынмын ба, серттең қайтың?
Еркің бар не қылсаң да «кария» Бодық,
Балықтай суда жүзген, алдың шашыны?

Саржанның сөзін Бодық, есіне алды,
Найзасын сол себептен, суырын алды.
Атының басын бұрын Бодық батыр,
Шегінің жүз қадамдай жерге барды.

Шақырды Саржан төре: «Бері кел» - деп,
Бітімге ал келейік, «Бодық ер», -деп,
75-те те жендің мені, күшің асын,
Саржанның бүтінгі күн, өлген күні.

Кездестім екінші рет сеніменен,
Себебі ер Бөртегенің болды менен,
Болықсан ер Бөртегенің нақақ қаны,
Болмаса артық емес, күшің менен
Нар өлсе»пұлы» бар, ер өлсе «құны» бар, - деп.
Не керек енді Бодық, пәлен – түген.

Саржанға Бодық келді, ыргап басып,
Мұңдайып Саржан төре, отыр жасып,
Мақалдан майда тілмен, Бодық батыр
Сөйлемді әнгіменің бетін ашып

Елімді шаптың төре, қайта-қайта,
Өшіктің мал мен жанға, неге мұнша?

Құтырган жолбарыстай елге шауып,
Ерлікten Саржан қандай, таңтың найда?
Енніңді ел мен қоса, жинап на едің,
Осынша «иे» қылмай, жалғыз тайға

Әлтірдің Саржан менің «бауырымды»,
Шулатып күнде шаптың ауылымды,
«Төгілер толған нәрсе» -деген осы,
Алғыздың бүтін міні сауырынды,
«Асқанға тосқын», -деген мақал да бар,
Сөйле енді конілдегі, бар сөзінді.

Өлтірдім Бодық сенің бауырынды,
Танбаймын шаптым рас, ауылынды,
Мен «мәстек», сен «арғымақ» болдың бүтін,
Алдың кеп «қария тарлан» сауырымды.

Аттандым кегім үшін Тінәлігс,
Он ерім «құнсыз» кеткен ерте күнде,
Әлтірген ерлерімді азаппенен,
Қан қатқан сол себеппен жүрегімде.
Жылқы алыш конілді бол, кегім бітіп,
Бетімді қайттым елге, түзедім де,
Біреуді –біреу білмес, қаранғыда,
Бөртені мен өлтірдім, кез келдім де,
Құші асса өлтіретін, ердің жолы,
Бөртеге Саржан сірә кіналі ме?
Не керек откен істі, қайта айттып,
Келмейді өлтін адам, қайта –қайтып
Қоянық «егестікті» екі жак та,
Қайтеміз енді сөзді, көп ұзартып.

Сөйледі Бодық батыр, сөзді түйіп,
Биің бар, жолдасынды шақыр жиын,
Келіссек әділ сөзге, шын жүрекпен,
Билігін айтсын Саржан, Қоныс биің

Саржан айтты: «Бодықтың-сөзі дұрыс»
Болмасын бұдан-бұлай, ұрыс – соғыс,
Ақылмен кеңінен ойлан, артын байқаң,
Аласпай сөзді тұзу – сойле Қоныс

Қоныс би кеңінен толғап, сөз бастанды,
Қоныстан басқалары, жақ ашпады,
Бұрынғы макал сөзді, теріп сойлен,
Аузынан кесек-кесек, сөз тастанды.

Сөзіне Қоныс бидің, құлак салын,
Біреуі оң-теріс, -ден жақ ашпады,
Мысал ғып, өткендердің әңгімесін,
Ұзатпай сөзді Қоныс, кысқа ұстады,
Саржаннан інің Бодық, тапты қаза
Кектеспей «жүректерің» болса таза,
Саржанды «кәрі Бодық» алды, - деген,
Бұл дагы ханзадаға, үлкен жаза.

Билікті Қоныс айтты: «Анық берсем»,
Кек қымрай екі жағың, әділ келсен,
«Ереже» бұрынғының жолыменен,
Жұз жылкы Саржан берсін, Бодық алсын.

Бір терен Бодық батыр, кірді ойға,
Бітімді ойланды да, қайта бұзды,

«Құн»ұшін ер Бортеге, жұз жылқы алып,
Олжа, - деп, қызығудан, инықпас пайда.

Бітімді Bodық батыр қайталады,
Көпшілік не айтады, -деп анталады,
Bодықтың ойын Саржан, іштен сезіп,
Bодыққа шоптығандай, жалт қарады.

Сонда Bodық сойледі,
Қызыл тілді безеді,
Bұзылғанын Bodықтың,
Саржан төре сезеді,
Тогай коркем корінер,
Жас жапырақ гүлімен,
Озен коркем корінер,
Сылдырап аққан суымен,
Корінеді Ел коркем,
Ел қорғайтын Ерімен.

Сол ердің бірі – Борте еді,
Бортенің көрдім өлімін,
Жұз жылқы алып, «құны», -деп,
Байымаймын онымен
«Топжарғанды» аламын,
Біtedі «құны» сонымен,
Жолдасың мен өзіңе,
Еттім Саржан «азаттық»,
Жүре бер енді, жонімен,
Наразы болсаң, бұл сезге,
Шабарсың тағы, күшінмен,
Отырды Bodық шалкайып,
Бітіріп сөзді осымен.

«Топжарған» ат тореңі,
Толғаттырды ішінен
«Топжарғанды» алған соң,
Адасты торе есінен.
Бұл жолда көрген корлығы,
Бұрынғыдай болмай ерлігі,
Көзін жұмса елестен,
Шықпайтын болды түсінен.
Ат алғызды, садак жоқ,
Отырды төре, мазақ бол,
Жұрдай болып айырылып,
Бұрынғы Саржан күшінен.

Сол жерде «Топжарғанды» Бодық алды,
Ерттестің көрі Бодық, мініп алды,
Саржанды Бодық батыр «жаяу» тастап,
Артына бір қарамай, кете барды.

Сол бетпен Бодық кетті, Саржан қалды,
Қайғырып Саржан төре, қапаланды,
Күші жоқ бұрынғыдай, қолдан келер,
Ішінен «у» ішкендей ызаланды.

سهل پر فربه و بودخ کھو سارجا و مالکی
 کے بیان کرے سارجا نے قدر خاک دیا اپنی
 کو تباہ کر کر کنکو دھنہ قدر دیا کر رکور
 ملک دیا کر دیا ملک دیا ملک دیا ملک دیا
 ملک دیا کر سارجا کے پتھر جدد دیا
 ۱۱۷۳ میں بی بی دیمیقہ کو نہایت کر دیا
 سارجا کے بھائی کا کامنہ میں جنم دیا
 ۱۱۷۴ میں بھائی کا رکار کا اکٹھ کر دیا
 اپنے سوتھی کو کر دیا ملک دیا
 اپنے بھائی کو دیا و دیکھ کر دیا
 شاہی کار دیا اس کو جملہ کر دیا
 و مگر بھائی کو شابھی کار دیا تو رہن
 اپنے دد بے بر کر دیا و دیکھ کر دیا
 جلو دیا کا لفڑی جس سماج زیست طریق
 بدر انشی بی پر چون کے باہم دیکھ دیا
 کو، تھوڑا دیا اور دیکھ دیکھ دیکھ دیا
 نایاب میں گئے پہنچ دیکھ دیکھ دیا
 بودھی کو دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیا
 قد کو ایک دس ساری جنم دیکھ دیکھ دیکھ دیا
 بودھ کو دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیا
 جس باتر سی دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیا
 ۱۱۷۴ء میں باتر جو کہ اپنے اپنے دیا
 عالم بھی الحرمان ایک کھل کھل دیکھ دیکھ دیا
 اکھل دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیا
 بالہ بھی دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیا
 سو زندہ دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیا
 بودھ کو دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیا
 اپنے ایک قھر خاد مر کر دیکھ دیکھ دیکھ دیا
 دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیا
 بھر کر دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیکھ دیا

۱۵
 زیادی دارم و می خواهم این سبک را در آن
 چند دلیل دارد که کذا نه بود از جمله
 چند شاهزاده که از این طریق از این طبقه
 ایستادند با این این دلیل که عصیت نه کردند
 پس این دلیل دو دلیل داشت اما این دلیل از
 زیر نموده بگذرد شاید قاتل این را بدهد
 هر کدام پیش از این دلیل دلیل داشته باشد
 قاتل این را در دنیا می برد که این دلیل
 بعنهای که در این دلیل از این دلیل از این دلیل
 ریختند این دلیل را بخواهند تا این دلیل را
 سه دلیل دارد سه دلیل دلیل این دلیل را
 همانند این دلیل داشته باشد و این دلیل این دلیل
 در قاتل را بخواهند که این دلیل این دلیل این دلیل
 دلیل شاید به این دلیل از این دلیل این دلیل
 قاتل این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل
 از این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل
 دلیل این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل
 این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل

دلیل این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل
 در قاتل این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل
 پیش بود که این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل
 بد دلیل دلیل این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل
 پس این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل
 دلیل این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل
 این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل

و سه زوار و شاهزاده نه که این دلیل این دلیل
 این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل
 دلیل این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل این دلیل
 و سه زوار و شاهزاده نه که این دلیل این دلیل

Еліне келіп Саржан, қайтты жүден,
Ас ішней, ұйқы көрмей тұнде тұнен,
Саржаның беті қайтқан, осы - «жол» - деп,
Айтады ескі «қарғтар», әңгіме қыш.

Аламан сондай қынн, заман болды,
Адамы сол заманың, надан болды,
Шабысқан «ел арасы», тынышталды
Екі –үш жыл, ел шабыспай, аман тұрды
Ауырды бір күндерде Бодық кәрия,
Өлем, -деп елді жинап, айтты жария,
«Бораншы», «Бәйімбеттің» басын қосып,
«Кетем», -деп арыздастып, ел- жұргыма.

Науқасы қарт Бодықтың, болды нашар,
Жұруге бет түзеді, ұзын сапар,
Құлақ естір жердегі, елдін бәрі,
Бодықтың науқасынан, алды хабар.

Келіп жатыр сүйек-шатыс, құданласы,
Сыбайлас катар жүрген замандасы,
Шақырып алдына алып келгендермен,
Қол ұстап, «кешу»айтыш арыздасты.
Балаға бесіктегі сәлем айтты,
Көзінен домалатты, ыстық жасты.

Бодықтың қолын ұстап, батыр Орман,
Арналып туған «ер» ең, елге қорған,
Тағдырға тура келді, шара бар ма?
Жолыңа қылар едім, жаным құрбан.

Жылады Орман өксіп, басып бетін,
«Қалды», - деп артыңдағы «елің» жетім,
Жүретін кейінгілер, «әңгіме» қып,
Айтатын бар ма ? «Беке» өснетін,

Пайда «елде», -деді Бодық, зиян менде,
«Зияным» тиғен шығар, талай елге,
Бір койлек бұйырғаны дүниеден,
Түсе ме, бірге барып, бірге көрге.

Бұзбанұдар: «Ұйымыңды ардакты елім»
Айтатын өсистім, мен сендерге.

Сенбендер саналы Ерлер, бұл жағынға,
Мастаңба елді шауып, жылқы алғанға,
«Тұзу өс», кейінгі жас «зұлым» болмай,
Ел шауып, жәбірлеуге құмарлан ба?

Қол ұстап, қош айттысты Бодық елге,
Келмеді содан кейін, қайтып тілге,
Арулап таза жуып, койды апарып,
Арналған әуелдегі, жер бесікке.

Дүниеден қайтпас сапар, Бодық кетті,
Ертеде сондай заман, ауыр өтті,
«Басшы»жок, «бастаушы»жок, бақсыз елде,
Бөртедей сан Бортенің қанын төкті.

Бітірдім бір жыл жазып, бұл-«жорықты»
Естіген бекр демейді, бұл- «тарихты»,

Көрсетпей ешбір «жарық», «қараңғы» елге,
Қамады «қара тұнгे» бар «халықты»,
«Тарихты» іздең жүріп, жаздым терін,
Болғаны өткен күнде, бәрі анықты.

Осындай өткен күнде, заман болды,
Қылқимас «батырлары» қабан болды,
Демейді айтушылар өтірік, -деп,
Осымен «Саржан - Бодық» тәмәм болды.



Әр жылдарда баспа бетінен (газет – журнал, кітап жарық көрген шығармалары)

1. «Паравоз» Советтік Қарағанды» Май 39- 40 ж
2. Доскейдің 90 – жылдығына «Советтік Қарағанды Апрель 1939 ж
3. «Октябрь» Шет аудандық газеті 7 ноябрь 1940 ж
4. «Шаганып Ворошилов тұрды күліп», « Советтік Қарағанды» 24 февраль 1941 ж
5. «Жасылдай көктен түйіп қиратамыз», «Советтік Қарағанды» 24 июнь 1942 ж
6. «Саржан – Бодық» поэма «Советтік Қарағанды» 20 май 1941 ж
7. « Саржан - Бодық» поэмалың жалғасы.
8. Қоңырат аудандық «Қызыл ту» газеті, 1944 жыл, 7- ші қыркүйек «Кенішбай мен Жәкен» айтысы
9. Асыл мұра айдарымен, « Жұлдыз» журналы, 1-ші кантар, 1988ж «Жәкен мен Маясардың» айтысы Сәрсенбі Сатасев
10. Қазақ ССР Ғылым Академиясы М. О. Өуезов атындағы әдебиет және өнер институты «Ақын – жыраулар» Қазақ ССР - інің «Ғылым» баспасы, Алматы - 1979 жыл, 39 –шы бет
11. Т. Орынбеков «Жәкен ақын», Балқаш баспасы, 1991 ж
12. Қазақ ССР Ғылым академиясы, М.О. Өуезов атындағы «Әдебиет және өнер институты, М. Дүйсенов, К. Сейдаханов, С. Негимов «Халық ақындары творчествосының көркемдік сипатты»
13. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» 3 «Ғылым»- баспасы Алматы, 1981 жыл. Папкасы, 200, 74 –ші бет «Көкжайдақ» поэмасы

14. Тоғжанов Е.Л. Аршабеков Т. Т «Атамекен». Оқу күралы Қарағанды экономикалық университеті, 2002 жыл
15. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі Қарағанды «Болашақ» университеті, «Орталық Қазақстан ақындары поэзиясының антологиясы» Қарағанды, «Болашақ» - баспасы.
16. «Советтік Қарағанды» газеті, 32-ші декабрь, 1960 жыл «Ауыз әдебиеті ұлгілерін ықтиягты жинайык.» Ж. Бектұров Жазушылар одағы облысаралық бөлімшесінің жауапты секретары
17. «Советтік Қарағанды» газеті, 20, 06, 1961 жыл / 144 (7646) «Келіңіз тойымызға» Жәкен Байтуов
18. «Орталық Қазақстан» газеті, 28 09 1965 жыл / 281 (8738) «Ел ақындарын ескерсек» Р. Сүлейменов.
19. Қазақ ССР Ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және онер институты «Ақын – жыраулар». Қазақ ССР –нің «Ғылым» баспасы Алматы 1979 ж. Колжазба қорларындағы шығармалар: Байтуов Жәкен – 856, 1414, 1415, (OFK)
- ҚазССР Ғылым академиясының Орталық ғылым кітапханасы
Байтуов Жәкен – 200, 320, 751. (ӘФИ) М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және онер институты.

Мазмұны

Құрастыруышыдан	4
Өмірі туралы	6
Еңбек туралы	9
Егін жинау туралы.Шопан Тұсіп	10
Тұған ойкес туралы толғау	13
Егін-шөп шабу туралы	15
Жас туралы	18
Мал базы мен шөп шабу	19
«Ударник Байжан Шалтаев пен	
Айылхан Тұрсынбайдың» айтысы	20
Аттанды жастар майданға	24
Көк сіске ариау:	
Бірінші олең	26
Екінші олең	28
Көмектесейік майданға	29
«Ударник Мұса мен жалқау Бейсенбайдың»	
айтысы	30
«Егіндібұлак» колхозында	35
«Нұрбеков Жамантай мен Сағымбеков	
Шармұхамбеттің» айтысы	36
«Қызылту» колхозында	40
Жарыстың Социалистік өсуіне(арнау өлең)	41
Октябрь мерекесіне (арнау)	43
Арқанын бетпак жазық сардаласы	44
Шалқыған көңіл. «Екі зав. ферменің» айтысы	45
Бірінші Мамырға сәлем!	50
Жалқау Галия	51
Ақсакалдар слетіне ариау	55

«Саржан торе мен Бодыктың» әңгімесі	58
Әр жылдарда баспа бетінен (газет-журнал, кітап беттерінен жарық көргөн шығармалары)	115
Мазмұны	117

БАЙТУОВ ЖӘКЕН

САРЖАН – БОДЫҚ
(Ә > ә - ө 6 - 6)

Құрастыруышы: Жәкенов Жаксылық

Басуға 24.07.2014 жылды қол қойылды.

Пішімі 64x84/16. Көлемі 6,98 б.т.

Таралымы 100 дана. № 5393 тансырыс
«Tengri ltd» ЖШС баспаханада басылды.

Карағанды қаласы, Бұқар жырау даңғылы, 84 үй
тел. 8 (7212) 43-19-54, 99-00-88

Моб.: 8 (702) 222 30 22, 8 (700) 222 30 22
e-mail: tootengri@mail.ru

Жәкенов Жақсылық Жәкенұлы

1945 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданына қарасты Талды ауылында дүниеге келген. 1964-1965 оку жылында Қарағанды қаласындағы қара шаңырақ № 7 Жамбыл атындағы қазақ, орта мектебін бітірген. Қарағанды Мемлекеттік Университетінің филология факультетін тәмомдаған.

Еңбек жолын Талды орта мектебінде бастап, Қарағанды қаласындағы № 39 мектеп - гимназиясында үстаздық еткен. Қарағанды қалалық, білім белімі, Қарағанды облыстық білім департаменті «Құрмет грамотасымен» марапатталған. Еңбек ардагері, үстаз - зейнеткер.

